қызметке шақырады. Бұл жөнінде профессор Темірбек Қожакеев «Сара сөздің сардарлары» кітабында: «Ақ жол» газетінде жарияланған материалдарын зерттегенде, Ғ.Бірімжановтың үлкен ағартушы екені, бұл жағынан А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың шәкірті болғандығы аңғарылады, – деп жазады. – Ол Ахметтен 23 жас, Міржақыптан 11 жас кіші болса да, солардың тәрбиесінде, жетегінде жүріп, ұстаздарының ісін алға апаруға, ілгері жалғастыруға тырысқан. Ағарту саласында бірсыпыра еңбек жазып, келелі ойлар қалдырған. Бұл орайда Ғазымбек, әсіресе, Ахметті пір тұтып, көп ретте ол кісіге жүгініп, соның пікіріне сілтеме жасап отырады [1;11-12]. Ахмет Байтұрсынов 1922 жылы тамыз айының басында Түркістан республикасының астанасы Ташкентке барады. Ахметтің бұл сапары жөнінде сол тұста «Ақ жол» газетінде қызметте жүрген Ғазымбек «Лайықты қошамет» деген мақала жазады.

Академик Дихан Қамзабекұлы «А.Байтұрсыновтың Ташкент сапары» мақаласында осы іс сапар жайында айта келіп: «Ақ жол» газетінің бір авторы: «Келген жұмысы – Түркістандағы екі облыс қазақты Қазақстанға қосып, қазақ елін біріктіру» деп көрсетіпті.

Қаламгер «Ш-н» (кім екенін біле алмадық) Ташкенттің мәдени-рухани хәм саяси өміріне елеулі жаңалық болып енетін А.Байтұрсынұлы сапарын «бұл Ахмет ағайдың Түркістанға бірінші келіп қайтқаны» дей отырып, тәптіштеп жазыпты» [2;102], – дейді.

Ғазымбек 1921-1922 жылдары «Ақ жол» газетінде жүргенде жазған материалдарының соңына «Ғазымбек», «Ғ.Бірімжанов», «Шеген» осы Шеген дегенді қысқартып «Ш-н», «Ғ» деп қол қойған. Диханның айтып отырған «Ш-н» дегені – Ғазымбек Бірімжанов. Мұны Темірбек Қожакеев те Ғазымбек жайындағы зерттеу мақаласында айтып кеткен.

Ғ.Бірімжанов осы «Ақ жол» газетінде жарық көрген мақаласында Ахмет Байтұрсыновтың болмыс, бітімін суреттей келіп: «Тұсына келе бергенде балалар дауыспен: «Ассалаумағалейкум!» – деп сәлем берді. Өлгідей болмай тағы да балалар: «Жасасын қазақ! Жасасын қазақтың қаһармандары! Жасасын қазақтың көсемі Ахмет ағай Байтұрсынұлы!» – деп бар дауыспен шулап қоя берді. «Жер жаңғырып, қан шымырлап, көңіл бұзылып, кісі өзінің қайда екенін білмейтіндей халге келді», – дейді.

«Қазақ халқының қаламға жүйрік, алты алашқа аты жайылған атақты азаматы Ахмет Байтұрсынов» деген жолдарынан да Ғазымбектің Ахметке іші бұратыны» оны ардақ тұтып, аса қадірлейтіні аңғарылады.

2 Материалдар және әдістер

Ғазымбек Ахмет ағасының идеяларын насихаттаушылардың бірі болған. Оның «Шетке оқушылар жіберу, оқуға жұмылу керек» [3], «Қазіргі әдіс»[4], тағы басқа мақалаларында да жастарды оқыту, оларға ғылым, білім, кәсіп, өнер үйрету керектігі жөнінде толғанады.

«Осы күні түрлі кәсіпшілік хәм қара жұмыстардың өнерін үйрететін мектептер бар, – деп жазады ол «Біздің жұмыстардың бірі» [5] деген мақаласында, – темір жол, почта, телеграф өнерін үйрететін, қаріп тізушілер хәм басқа сол сияқты мектептер. Қара жұмысты да меңгеріп алып кетерлік кәсіпқор, өнерлі, іске ұста адамдарымыз болмаса, тіпті мақсатқа жету қиын».

Автор осылай дей келіп жұмысшылар даярлайтын, түрлі мамандықтар беретін мектептерді көп ашу керектігін, оларды сөйтіп тезірек жұмысқа орналастыру қажеттігін айтады. Халықтың әл-аухатын көтеру үшін ұлттық кадрларды көбірек дайындау керектігін баса көрсетеді.

Ғазымбек мақалаларының мән-мазмұны Абай, Ыбырай өлеңдеріндегі ойлармен тоғысып, үндесіп жатады. Абай өлеңдерінің жолдарын мақаласына тақырып етіп алған Ғ.Бірімжанов ұлы ақын идеясын елге насихаттап, көптеген мақалаларында халықты оқуға үндейді. «Ақжол» газетінде 1922 жылы жарық көрген «Сағаттың шықылдағы ермек емес» деген мақаласы осының бір айғағы. Мақала соңы:

Сағаттың шықылдағы емес ермек,

Һамиша өмір өтпек – ол білдірмек.

Бір минут, бір кісінің өміріне ұқсас,

Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек, –

деген ақын Абайдың терең пікірін еске ал, азамат!» – деп түйінделеді.

Абай өлеңдерінің жолдарын мақала тақырыбы етіп алу осы Ғ.Бірімжановтан бастау алды ма деген ой келеді.

Ал, «Осы кезде дүниенің бір шеті мен бір шеті сымды, сымсыз телеграммалар арқылы хабарласып, жансыз нәрсені жүйрік аттай шаптырып (темір жол, автомобиль) үлкендігі сондай судан шыққан күн суға бататын, ұшы-қиыры жоқ далада теңіздердің суының астымен де, үстімен де жол шегіп (кеме, сүңгуір қайықтар) құс болып көкке ұшқан (айырылған) адам басы «енді бізге басқа еш нәрсе керек емес» деп айта ма?!», – деген жолдар Ы.Алтынсариннің:

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды,
Айшылық алыс жерлерден
Көзінді ашып жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Мың шақырым жерлерге,
Аты жоқ құр арбаны
Күн жарымда барғызды,
Адамды құстай ұшырды... –

деген өлеңімен үндесіп жатқан жоқ па?!

Ыбырай жолын қуған Ғазымбек те «Шетке оқушылар жіберу, оқуға жұмылу керек», «Ел шаруасының қамы» [6]. «Біздің жұмыстардың бірі» [5], «Қазір әдіс» [4], «Індет» [7], тағы да басқа мақалаларында оқу-ағарту ісі, ғылым артықшылығы, өнер жайында ой толғап, халықты білімге шақырады.

«Елден шетке кетіп жүр» деп жоғарыдағы жырда айтылғандай, Ғазымбек Бірімжанов Германияда оқыған (1922-1928 жылдары – С.О.). Ауылда өскен, шетел тілін меңгермеген жастың Германияда оқып, білім алуы оның аса зеректігін, еңбекқорлығын байқатады. 1930 жылы атуға бұйырылып, ол жаза келесі жылы Сібірге айдауға ауыстырылады.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Ғазымбек айдауға жүргенде де Ахмет ағасынан хат алып тұрған: «КАССР п/о Остров I-ое Соловецкое Отделение, СЛАГ I, лагпункт, Дулатову Мир-Якубу Дулатовичу, Архангельск, Соломбала, I-я деревня, I-я линия, д.9 32 жыл, декабрьдің 31-і.

Мыржақып, Мырзағазы, Ғазымбек, қарақтарым, мен Архангельге 30 ноябрьде келдім...

Ахмет».

Ахметтің бұл хатынан біз Ғазымбектің айдауда қай жерде болғандығын білеміз.

Ахаң 1934 жылы 8 наурызда жазған хатында да «Қарақтарым Мыржақып, Мырзағазы! Сондасындар ма? Дендерің сау ма? Ғазымбек қайда?» деп жазады...

Ғазымбек сол 1934 жылдан кейін (дәл қай жылы екені белгісіз) айдауда жүріп Беломор-каналы құрылысын салуға қатысқан...

1937 жылы 9 қазандақайтадан тұтқынға алынып, 1938 жылы 19 наурызда атылған. Сүйегі Мәскеу облысы, Ленин ауданы, Бутоло поселкісіндегі қорымға қойылған. 1989 жылы ақталған.

Ғазымбектің, Міржақыптың, Мырзағазы Есполовтың, Айдархан Тұрлыбаевтың Солвкиде болғанын [8;3] «Тағдыр тауқыметін тартқандар» деген естелігінде Гүлнәр Дулатова да айтқан.

Ишан, ақын Файзолла Сатыбалдыұлы айдауда жүріп Ахметсапа Юсуповқа жазған хатында Ахмет Байтұрсыновқа, Міржақып Дулатовқа қолын алып сәлем айт дей келіп:

«Және де Аймауытов Жүсіпбекке,
Жас өркен Бірімжанов Ғазымбекке.
Бәрін де аман-есен сақтай көр деп,
Тапсырдым мінәжат қып құдіретке», –

дейді. Бұдан біз Ғазымбектің елге танымал атпал азамат болғанын аңғарамыз.

Бірімжанов ұлт мүддесін ойлап, сол жолда аянбай күрес жүргізген Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдос Омаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдолхамид Жүндібаетармен бірлесіп «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын жасаушылардың бірі. Бұл жоба 1917 жылғы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланды. Сондай-ақ Ғ.Бірімжанов «Алаш» үкіметінің Башқұрт үкіметі жанындағы Баймақта елшісі болған» [9; 109].

Ғазымбек «Ақ жол» газетінің 1921 жылғы санында жарық көрген «Ақ жолдың» екінші жыл шығуы» деген мақаласына Ахмет Байтұрсынұлының

Я, Құдайым, аққа жақ!
Өзіңе аян: мен наһақ.
Аққа деген жолымның
Абыройын ашпай жап! –

деген бір шумағын эпиграф етіп алыпты.

Бұл да Ахаңның асылдығын, еңбегін, ұлылығын бағалап, ұлттың рухани көсемі деп танығандығы.

Алаш көсемдері жайында жазылған мақалалар мен эссе, еске алуларда да Ахаңның аты аталған жерде Ғазымбектің де аты-жөнін кездестіреміз:

«ОГПУ Комиссары А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов бастаған 14 зиялының алдын атуға, қалғанын он жылдан итжеккенге айдауға үкім шығарды. Солардың ішінде Ғазымбек Бірімжанов та бар еді» [1; 4].

«А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов Абайды жоғары бағалаған, көп мәселелерді Абайша түсініп, күн тәртібіне Абайша қойған» [1; 9].

1922 жылы тамызда А. Байтұрсынов Ташкентке барған Ахаңның осы сапары жөнінде Ғазымбек «Лайықты қошемет» атты мақала жариялаған» [1;12].

Келесі күні Ақай әкем жылқы сойғызып, інісімен келген Ахмет Байтұрсынұлы, Сейдәзім Қадырбаев, Ғазымбек Бірімжанов, Қырымгерей Сейдалиев, Ғаббас Нұрымов, Асылбек Сейітов және Бадрисафа, Жаңылдарды қонақ етті. Бұл отырысқа туыстар да қатысты [8;24].

Міржақып тәтемді он жылға соттап, Соловкиге жіберді, семьясын қасына жолатпады. Онымен Мырзағазы Есполов, Ғазымбек Бірімжанов бірге болыпты деп кейін естідім. Ахмет Байтұрсынов ағай мен Абдолла Байтасов 1932-1933 жылдары Архангельскіге жер аударылды. Бадрисафа Мұхаммед Садыққызы-Байтұрсынова жеңгей қызы Шолпанмен Томскіге жіберілді. Үй мүлкі түгелдей кәмпескеленген [8; 46].

Қызылордаға баруының себебі: 1927 жылы Ленинградта қылтамақтан қайтыс болған туған ағасы Ахмет Бірімжановтың орнына, яғни семьясына жолығып қайту және өзінің ардақты ағалары: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейдәзім Қадырбаев, Елдос Омаровтармен сәлемдесіп, өздерімен дидактасу мақсатымен сапар кешкен-ді. Ғазымбек өзінің ойдағысындай бәрімен көрісіп, мауқын басып, қайтадан Москваға келді. Оралғаннан соң қызметке орналасып, Вологдаға командировкаға барғанында, өкінішке қарай, ұсталып кетті. Бұл 1928 жыл болатын. Көпшілікке белгілі жай: шетелде болып келген, не тұрған кісілерді «шпион» қатарына қосып жазғыратын да, түрмеге қамайтын. Міне, Ғазымбекті де солай айыптаулары керек деп ойлаймын [8,143 б.].

Ахмет 1870 жылы Торғай өңірінде дүниеге келген, арғын, атақты Жәнібек батырдың тұқымы, бергі аталары Дәуренбек – Бірімжаннан тарайды, дәулетті кісінің баласы. Өзімен бірге туған інісі Әбдікәрім және қарындасы болыпты. Екінші шешелері Гүлжауһардың апалары, Сейдалы төренің қыздарының бірі – Гүлмай екен. Бұл кісіден сегіз бала туыпты,

олар: Ғазымбек, Ғазима, Батырхан, Шәкен, Мұхтар, Кәрім, Нұрхан, Жұмахан. Нұрхан Қорғанбеков болып жүрді де, Ғазымбек, Мұхтар Бірімжанов фамилиясында еді [8,90 б.].

Алтын апай елдерінде болған оқиғаларды былай айтқан еді:

«...1918 жылдың қарашасында біздің үйге он екі кісі келіп түсті. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Кәрім Тоқтабаев, Қырымгерей Сейдалиев, Ғазымбек Бірімжанов, Ғаббас Нұрымов, Ахметсафа Юсупов, т.б. жолдан шалдығып, аттары болдырып, қатты шаршап келген қымбатты қонақтарды құрметтеп қарсы алып жайғастырады. Ахмет ағаны бөлек күтуді әкемің (Омардың) ағасы Елібай міндетіне алады. Қалған қонақтар біздің бірнеше кең бөлмелі үйімізде тынықты. Келушілерге ауыл-аймақтың адамдары сәлем бере, көсемдердің сөзін естуге құмар барлығы жиылып әңгіме-дүкен құрып отырды. Жолаушылар үй иесінен кешірім сұрап, жастықтарға жантайып, аяқтарын көсіліп демалды. Қонақтардың көңілін көтермек үшін олардың құрметіне жігіттер ән салып, домбырашылар күй тартып сауық қылды. Міне, Гүлнар, сенің әкең Міржақып ағаны серіктерімен өз үйімізде көргенімді осы кезге дейін ұмытпаймын» [8; 230].

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Есмағамбет «Әлем таныға тұлға» атты мақаласында «М.Шоқайдың елдегі таныстарымен, ұлттың қайраткерлерімен байланыс орнату жұмыстарына Түркістаннан Германияға оқуға барған жастар үлкен көмек берді. Бұлардың ішінен Ғазымбек Бірімжановті ерекше атауымыз керек. Жоғары білімді ол Германияға бара жатқан талапкерлер құрамына Ә. Бөкейхановтың ұсынысы бойынша арнайы енгізіліп, Кеңес өкіметіне қарсы ішкі және сыртқы күштер арасында байланыс орнату жөнінде қауіпті де жауапты міндеттер жүктеледі. Ол М. Шоқайды ел жағдайымен, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмұхамбетов, У. Қожаев, С. Қожановтың атқарып жатқан жұмыстары жөнінде хабардар етеді.

Ғазымбек Бірімжанов Германияға барған бойда С. Қожановқа жолдаған хатында: «Мұстафа өте нашар тұрады, қазақтың студент жастары оған көмектескісі келеді. Бірақ ол одан бас тартты және бұл ақша өздеріңе керек болады, өйткені алда көп істер күтіп тұр» дегенді айтты деп хабарлайды» [10; 22].

Осы жылдар империядағы саяси жағдайдың ушығып, қарсылық қозғалыстарына оқушы-студент қауымының да белсене араласа бастаған кезі болатын. Орыс басқыншыларының озбырлығына қарсы шыққандардың арасында Ғазымбек те болды. Осындай оқиғаларда саяси шынығып, қайратты да саналы күрескер ретінде қалыптасады. Сол және М. Есполов секілді ХХ ғасыр басында қазақ интеллигенциясын тарихи аренаға шығарған Алаш қайраткерлерімен бірге елдің қамын ойлап, отаршыл жүйеге қарсы шықты.

Солармен бірге ұлт мүддесіне кереғар пікірдегі отаршыл патша саясатына қарсы жарияланған мақалаларды үзбей оқып, олардың пікірталастарына белсене араласып, өз ойында ортаға салып отырды. Оның қоғамдық-саяси қызметі Алаш партиясы мен Алашорда үкіметімен тығыз байланыста болды. Ғазымбек те Алаштың белді бір мүшесі болып, оның міндеттері мен мақсаттарын айқындауға белсене араласты. Тарихи басылымдарда Ғазымбектің Колчак үкіметімен Алашорда атынан келіссөз жүргізуге қатысқаны, Алашорданың Башқұрт үкіметі жанындағы уәкілі болғаны туралы айтылады [10; 253].

Ғазымбектің Алаш қозғалысының танымал жас қайраткері екендігі бұрыннан белгілі болатын. С. Сейфуллиннің 1937 жылы өзінің Нәзір Төреқұловпен қарым-қатынасы жөнінде Л. Мирзоянға жазған хатында «Ғазымбек Бірімжанов Әлихан Бөкейхановпен бірге атышулы Алашорда үндеуіне қол қойған, Алаш партиясы орталық комитетінің белгілі мүшесі болған» деп жазған. Ол 1917 жылы Алаш партиясы бағдарламасының жобасын жасауға тікелей атсалысты. Айта кету керек, осы Бағдарламаның 7-і авторының 3-і Торғайдан шыққан Алаш қайраткерлері екені белгілі (А. Байтұрсынов, М. Дулатов және Ғ. Бірімжанов) [10; 253].

Сондай-ақ, Мимар Синан өнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Әбдіуақып Қара башқұрттан шыққан белгілі ғалым және мемлекет қайраткері Зәки Уәли туралы жазған ғылыми еңбегінде Ғазымбек Бірімжанов туралы мынадай дерек келтіреді.

«Зәки Уәли Еуропада жүрген кезде Берлинге оқуға келген түркістандық студенттер арқылы Ахмет Байтұрсынұлынан хат алған. Уәли 1924 жылы, 18 маусымда Орынборда өткізілген «Қазақ пен қырғыз ғалымдарының тұңғыш конгресі» туралы мәліметтер жарияланған газеттер ішінен А. Байтұрсынұлының Ғазымбек Бірімжанға жазған бір хаттың шыққанын атап өтеді. Байтұрсынұлы сол хатта: «Бәрімізден бәріңізге сәлем!»-деп жазған екен. Жалпы Зәки Уәлидің бұл хатының шетелгешыққанан кейін отаннан өзіне келген шын жүректен сәлем айтылған тұңғыш хат екенін тілге тиек етеді». Бұл деген – Ғазымбек шетелде жүргенде сыртынан бақылау барын білсе де Алашқа қызмет етуді тоқтатпай, елден жырақта жүрген Алаш қайраткерлерімен тығыз байланысты үзбегенін көрсетеді. [10, 253 б.].

5 Қорытынды

Бұл айтылғандардан да Ахмет, Міржақып, Ғазымбектердің үй-іштерімен бірге туғандай аралас-құралас болғандары, Ғазымбектің анасы кім екені, бастарына қара бұлт үйіріліп, қуғын-сүргінге ұшыраған тұстарда да жанашырлық, ағалық-інілік сезімдерін жоғалтпай, бір-бірін іздеп, көмек қолын созып, хат-хабар алып тұрғандары, сондай-ақ Алаштың үш арысының аты әлемге танылғаны, Ғазымбектің Германияда Мұстафа Шоқаймен кездескені көрініс тапқан. Бір-бірін пір тұту осындай-ақ болсын!

Ал Алаш арысының өмір жолы, қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы жайында жазылған зерттеулер мен естеліктерден алынған үзінділердің кейбірін мына құжаттар бекітіп, дамыта түседі:

«...Во время поездки в Германию в 1924 году Рыскулов встретился со-студентами из Туркистана и Бухары, обучающимися в Берлине, и «установил, что некоторые из них воспитывается против советского строя», общается с правителя Тургая Беремжанов Газымбека встречается с лидером мусульманской эмиграции М. Чокаевым и даже осмелился просить Рыскулова помочь земляку-эмигранту.

Категорически запретив ему дальнейшие контакты с антисоветчиком он применил прем, с успехом использовавшийся партийным руководством для управления национальной интеллигенцией и расправы с ней внутри страны; яввел в бюро Идрисовым.

Таким образом, они могли, по его мнению, доносить друг на друга подробности о проведенной «работе» в полпредство СССР в Берлине».

Я расколлот тогда студентов», – докладывал в апреле 1927 года Рыскулов Сталину, в ЦК партии и ГПУ [11,с.380].

«...Газымбек Бірімжанов оказался весьма способным и работающим не на страх, а за совесть работником, киргиз, народник в духе народников 70-х годов» [11,с.380] (Ғазымбек 1917 жылы Орынбор округтік сотына аудармашылық қызметке ұсынылғанда Әлихан Бөкейхановтың мінездемесінен – С.О.)

Ғазымбек көрнекті қоғам қайраткері, халықтық мұсылман партиясының жергілікті ұжымының өкілі, Ресей мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған Сәлімгерей Сейтханұлы Жантөриннің Мәскеудің мемлекеттік университетінің шет тілдер факультетін бітірген қызына үйленген. Араларында бала жоқ.

Әзиз Мурзиннің әйелі Алиса Власованың 1931 жылғы 5 қыркүйек күні ГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Бірімжанов Жантөринаға үйленген болатын. Москваға келген соң Бірімжанов тұтқынға алынды. Бөкейханов пен Мурзиннің кеңесі бойынша Жантөрина онымен ресми ажырасты. Ал шындығында, ол өзінің күйеуіне үнемі қаржылай көмектесіп отырды. Бірімжановтан ажырасуының себебі – өзіне тергеушілердің назарын аудармаудан туған. Өйткені Жантөрина помещиктің отбасынан шыққан» [12], – делінеді.

Ғазымбекпен бірге туған Қазима, Қазиманың қызы Гүлбану... Гүлбанудың балалары қазір Алматыда тұрады.

6 Ризашылық білдіру

Қуанышты бір жайт – 2021 жылы туғанына 125 жыл толуына орай Ғ. Бірімжанның шығармалары жинағы Нұр-Сұлтан қаласындағы «Qyғ balasy» қоғамдық қорының «Алаш кітапханасы» сериясымен жарық көрді. Алғаш рет құрастырылып, оқырман назарына ұсынылған бұл кітапқа қайраткер-қаламгердің ұлттық маңызы зор мұрасы, қоғамдық-саяси мақалалары, ашаршылық кезіндегі үндеулері, қазанамалары топтастырылған. Сондай-ақ Алаш арысының өмір жолы, қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы туралы әр жылдары жазылған зерттеулер мен естеліктер де енгізілген.

Кітапты баспаға дайындап, құрастырған, ғылыми түсініктерін жазған филология ғылымдарының магистрі, жас зерттеуші Данияр Ихсан. Алғы сөзін жазған жазушы-зерттеуші, ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, «Qyғ balasy» ҚҚ атқарушы директоры Елдос Тоқтарбай.

Әдебиеттер тізімі

1. Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. – Алматы: Санат, 1995.
2. Хамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы: Білім, 1997.
3. Бірімжан Ғ. («Шеген») Шетке оқушылар жіберу, оқуға жұмылдыру керек // Ақ жол 1921, 10 мамыр.
4. Бірімжан Ғ. («Шын») Қазіргі әдіс // Ақ жол, 1921, 10 мамыр.
5. Бірімжан Ғ. Біздің жұмыстардың бірі // Ақ жол, 1922, 2 ақпан.
6. Бірімжан Ғ. («Шеген») Ел шаруасының қамы // Ақ жол, 1921 № 64.
7. Бірімжан Ғ. («Шын») Индет. // Ақ жол 1922 № 147.
8. Дулатова Г. Тағдыр тауқыметін тартқандар. Шындық шырағы. Естелік-эссе. – Алматы: мектеп, 2012.
9. Сатыбалдыұлы Ф. Ахметсапа Юсуповқа хат. Шерлі жылдар, шерулі жырлар, – өлеңдер мен поэмалар. – Қостанай: Баспа үйі, 2004.
10. Қарабала Е. Алаштың жас қайраткері. Дәуітбай тархан: қоғамдық-әлеуметтік ортасы және ұрпақтар сабақтастығы. – Астана, 2016.
11. Аманжолов Д. А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Изд. ТОО «Издательский дом «Таймс», 2009.
12. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві, І-т., 2370-іс, 638-б.

Материал редакцияға түсті: 21.12.2021

ОСПАНУЛЫ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М., САТБАЕВА, А.Т. ДОРОГОЙ МЛАДШИЙ БРАТ АХАНА

В советское время было запрещено говорить или писать о Газымбеке Беремжанове, одном из ведущих деятелей Алаша.

Дядя Ахмет, Газымбек

Покидают страну, все же служат Родине своей.

Не просто ходят так они,

Судьба народа беспокоит ...

Это отрывок из стихотворения Алмагамбета Оспанулы, которое начинается со слов «Ушли в прошлое люди». «Дядя Ахмет» в стихотворения Не Байтурсынов, а брат Газымбека Ахмет Беремжан. Поэма о потомках Шегена. А. Биримжанов умер 5 января 1927 года, 9 января в газете «Енбекши казак» М. Дулатулы были опубликованы. Это произведение Оспанович было написано до 1927 года.

В статье жизнь и творчество Г. Беремжанова, мы будем говорить о братских и дружеских отношениях между ним и А. Байтурсыновым.

Ключевые слова: «Алаш», Алаш Орда, учитель, ученик, нация, «Ақ жол», газета, деятель, память, журналист, публицист.

OSPANULY, S., MYRZAGALIEVA, K.M., SATBAYEVA, A.T.

DEAR YOUNGER BROTHER AKHAN

During the Soviet era, it was forbidden to speak or write about Gazymbek Beremzhanov, one of the leading figures in Alash.

Uncle Akhmet, Gazimbek

They leave the country, they all serve their Motherland.

They don't just walk like that

The fate of the people worries ...

This is an excerpt from a poem by Almagambet Ospanuly, which begins with the words «People have gone to the past». «Uncle Akhmet» in poems Tot by Baitursynov, but by Gazymbek's brother Akhmet Beremzhan. A poem about the descendants of Shegen. A. Birimzhanov died on January 5, 1927, on January 9 in the newspaper «Enbekshi Kazak» M. Dulatuly were published. This work by Ospanovich was written before 1927.

In the article, the life and work of G. Beremzhanov, we will talk about the fraternal and friendly relations between him and A. Baitursynov.

Key words: «Alash», Alash Orda, teacher, student, nation, «Ak zhol», newspaper, figure, memory, journalist, publicist.

ӘОЖ 8.81

Канапина, С.Ф.,

*филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор*

Мешітбай, А.Қ.,

*«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

ЖАЗУШЫ ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ «МАХАББАТ МҰҢЫ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін

Мақалада жазушы Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» хикаятындағы диалект сөздердің қолданыс ерекшелігі қарастырылады. Қазақ тіл біліміндегі диалект сөздердің зерттелу жайы да сөз етіледі. Шығармада қолданыс тапқан диалект сөздердің мағынасы диалектологиялық сөздік арқылы ашылады.

Кілт сөздер: диалектология, ауызекі сөйлеу тілі, говор, диалект сөздер, диалектологиялық сөздік.

1 Кіріспе

Жергілікті сөздер – ауызекі сөйлеу тілінің элементтері. Ал сөйлеу тілі – әдеби тілдің қайнар көзі. Сондықтан ұлттық жазба әдеби тілдің қалыптасып, сөздік қазынасының толығуына диалектизмдердің орны, рөлі бар екендігі даусыз. Халықтың ауызекі тілі, халық диалектілері мен говорлары – әдеби тілімізді байытудың, оның сөз орамын, сөз саптау машығын нәрлендірудің қайнар көзі, құнарлы арнасы.

Қазақ диалектологиясы ғылымын сөз еткенде осы саланың бастау көзінде тұрған профессор Сәрсен Аманжолов пен Жұмат Досқараевтың, академик Нығмет Сауранбаевтың есімдері ерекше аталады. С.Аманжоловтың іргелі зерттеу еңбегі (1959), Ж.Досқараевтың монографиясы мен сөздігі (1955) тіл тарихы мен қазақ диалектологиясы саласында ашылмаған аралдардың көптігін көрсетіп берді. Сол жылдарда ғылым жолына түскен жас зерттеушілер Шора Сарыбаев, Ғабдолла Қалиев, Сапарғали Омарбеков, Әбілбек Нұрмағамбетов, Жамалбек Болатов, Оқас Нақысбеков, Тұрап Айдаровтар осы салаға бар ғұмырларын арнап,

іргелі еңбектер жазды, докторлық диссертацияларын қорғады, жаңа буын шәкірт дайындады. Зерттеу нысанының саралануына және сипатына қарай диалектология – сипаттама диалектология және тарихи диалектология болып екі салаға бөлінеді. Сипаттама диалектологияның міндеті – тілдегі диалектілер мен сөйленістердің дыбыстық, грамматикалық, лексикалық құрылысын сипаттау, сол жайында жүйелі түсінік беру. Тарихи диалектологияның міндеті – тілдегі диалектілер мен сөйленістердің, диалектілік ерекшеліктердің пайда болу сырын, тарихын зерттеу. Диалектологияның бұл екі саласы бір-бірімен тығыз байланысты [1, 1 б].

2 Материалдар және әдістер

Қазақ тілінде диалект сөздердің өздеріне тән ерекшеліктері болады. Сондай диалектілік ерекшеліктерді әр тұрғыдан топтауға болады. Мысалы, олар тарихи тұрғыдан, түп төркіні жағынан бірнеше топқа бөлінеді. Таралу аумағы, құрылысы жағынан немесе ерте не кеш пайда болу жағынан да диалектизмдерді топ-топқа бөліп жіктеуге болады.

Диалектолог-ғалымдар Ш. Сарыбаев пен О. Нақысбеков «Қазақ тілінің аймақтық лексикасы» атты оқулығында жергілікті ерекшеліктердің төмендегі түрлерін көрсеткен:

1. Фонетикалық ерекшеліктер әдетте кейбір дыбыстардың өзара алмасуымен, сөздің жуан-жіңішке айтылуымен немесе кейбір дыбыстардың түсіріліп не қосылып айтылуымен байланысты. Мысалы: полат (болат), пысқан тамақ (піскен тамақ), құлдану (қолдану), чақыру (шақыру), т.б.

2. Грамматикалық ерекшеліктер әсіресе, сөздердің формаларымен, олардың түрленуімен немесе сөздердің тіркесуімен байланысты. Мысалы, оңтүстік аймақтарда бұйрық райдың барғын, келгін тұлғалары кездеседі. Батыс аймақтарында жіктік жалғаудың -сыңыз, -сіңіз (барсыңыз, келесіңіз) сияқты тұлғалары кездеседі.

3. Лексикалық ерекшеліктер қазақ говорларында бұл ең мол, жиі кездесетін ерекшеліктер. Бұл ерекшеліктер әдетте бір нәрсенің атауы не оның сын, сапа-қимылының әр жерде әртүрлі аталуымен байланысты. Мысалы, шелекпен су әкелетін иінағашты республикамыздың түпкір – түпкірінде 7-8 түрлі атайды: иінағаш – суағаш – әкпіш – күйенте – құрамыс – мойын ағаш, т.б. [2, 12-14 б]

Қазақ тіліндегі диалектілерді, сөйленістерді топтауда әр түрлі пікірлер болып келді. С. Аманжолов оңтүстік, батыс, солтүстік-шығыс сияқты үш диалект бар деген қорытынды жасады, Ж. Досқараев болса, қазақ тілінде екі үлкен сөйленістер тобы бар деп көрсетті. Олар: 1) Оңтүстік-шығыс сөйленістер тобы (Шымкент, Жамбыл, Алматы, Талдықорған, Қызылорданың оңтүстік-шығыс аудандары); 2) солтүстік-батыс сөйленістер тобы (Орал, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары). Н.Т.Сауранбаев (ш-ч, д-л дыбыстарының алмасуы негізінде) диалектілерді екі үлкен топқа бөлді: 1) Солтүстік – батыс облыстарындағы ш, д диалектілер тобы, 2) Оңтүстік және оңтүстік – шығыс облыстарындағы ч, л диалектілер тобы. Кейінгі зерттеулер мен экспедициялық материалдарға қарағанда С. Аманжоловтың пікірі сөйленістерді топтастыруы жағынан шындыққа жақындайтын сияқты.

Қазақ диалектілік ерекшеліктерін жинауға арналған бірінші экспедиция 1937 жылы профессор І. Кеңесбаевтың басшылығымен қолға алынды. СССР Ғылым Академиясының Қазақ филиалы ұйымдастырған алғашқы диалектологиялық экспедиция кезінде Нарынқол, Кеген, Нұра, Мақтаарал аудандарындағы тұрғындардың ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін жергілікті ерекшеліктерге байланысты едәуір материалдар жиналды. Бұдан соңғы уақыттарда Қазақстанның басқа жерлеріне де экспедициялар ұйымдастырылып отырды. Ғ.Ғ.Мұсабаевтың басқаруымен 1939 жылы Маңғыстау, 1940 жылы Орда қазақтарының тіліндегі өзгешеліктер зерттелді. Ұлы Отан соғысы кезінде бұл жұмыстың қарқыны біраз баяулағанмен, 1945 жылы Тіл мен әдебиет институтында қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясын зерттейтін арнаулы бөлім луымен байланысты халық тіліндегі өзгешеліктерді жинау жұмысы жандана түседі.

Халық тілінің диалектілік ерекшеліктерін зерттеуге арналған еңбектер жазылды. Ж. Досқараев, С. Аманжолов, Н.Т. Сауранбаев т.б. тілшілеріміздің диалектологияға қатысты

бірқатар мақалалары республикалық және одақтық баспасөз беттерінде жарыққа шықты. [3, 12-13 б]

3 Нәтижелер

Диалектология мәселелері жөнінде ең алғаш мақала жазған белгілі жазушы-ғалым Жүсіпбек Аймауытов еді. Оның «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 ж. 9 наурыздағы санында «Тіл туралы» деген көлемді мақаласы жарияланған. Автор: «Газет, журнал бетінде кейбіреулер «Кітап сыны» деп сөз жазады. Қазақтың әр елінде, әр губерниясында өздері ғана қолданатын, өзге елдер білмейтін тілдер бар. Мұны ілім тілінде «жергілікті тіл» деп атайды дей келіп, бір жерде киіз, әдейі, түндік, аула, терте // жетек, ершік, көпене // көмеле // мая, құдағи, енді бір жерде осы сөздер кигіз, әтейі, түндік, қора, әглөп, сөдөлке, скірт, құдағай болып айтылатынын сөз етеді. Одан кейін мұндай жергілікті ерекшеліктердің тілімізді шұбарлайтын және тілімізді байытатын түрлерінен біраз мысалдар келтіреді. [3, 120 б]

Осы күнгі ғалымдар қолданып жүрген «Жергілікті тіл ерекшеліктері» деген атауды алғашқы қолданған Ж. Аймауытов.

Диалект әдеби тілге қарағанда көне құбылыс, осыған орай онда әдеби тілде кездеспейтін тіл элементтері көп сақталып қалған. Зерттеу аясы бұрын диалектологияның әдеби тілден айырмашылықтарын анықтаумен шектеліп келген болса, кейінгі кезде әрбір жеке диалекті тілдің дербес жүйесі ретінде қарастырылып келеді. Жеке сөйленістер туралы кейінгі кезде бірнеше мақалалар, зерттеулер, кандидаттық диссертациялар, монографиялық еңбектер жазылды.

1944 ж. Оңтүстік диалектісінің кейбір мәселелері (Ж. Досқараев), 1948 ж. Қазақ диалектологиясының негізгі проблемалары (С. Аманжолов), 1954 ж. Арал говоры (Ғ.Қалиев), 1960 ж. Маңғыстау говоры (С.Омарбеков), 1963 ж. Шу говоры (О.Нақысбеков), 1964 ж. Қостанай облысындағы қазақтардың тілі (Ә.Байжолов), 1965 ж. Түркменстандағы қазақтардың тілі (Ә.Нұрмағамбетов), 1965 ж. Қарақалпақ АССР-дегі қазақтардың тілі (Н.Жүнісов), 1966 ж. Орда қазақтарының тіл ерекшелігі (Ә.Бөрібаев), 1967 ж. Өзбек ССР-нің Тамды ауданындағы қазақтар тілі (Т.Айдаров), 1968 ж. Қызылорда говоры (Ш.Бектұров), 1969 ж. Қарақалпақстанның оңтүстігіндегі қазақтардың тіл ерекшеліктері (Б.Бекетов), 1975 ж. Еділ бойындағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер (А.Тасымов), 1985 ж. Диалектное значение слова в казахском языке, авторская диссертация к.ф.н. (М.С.Атабаева), 1992 ж. Батыс Сібір қазақтарының тіліндегі ерекшеліктер (Ш.Құрманалиева), 1998 ж. Ауған, иран қазақтары тіліндегі жергілікті ерекшеліктер (Б.Өтебеков), 1999 ж. Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар (Л.Жолдасбек), 2002 ж. Монғолиядағы қазақ диаспорасының тіліндегі фонетикалық ареал құбылыстарды салыстыралы зерттеу (А.Үдербаев), 2002 ж. Қытай қазақтары тілінің тұрақты тіркестеріндегі жергілікті ерекшеліктер (С.Мұстафаұлы), 2003 ж. Түркістан тұрғындары тілінің жергілікті ерекшеліктері (Б.Жүнісова), 2006 ж. Қазақ тіліндегі диалектілік лексикологияның этнолингвистикалық негізі (М.Атабаева), 2007 ж. Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні (Ж. Мұхамбетов), 2008 ж. Сыр өңірі тіліндегі жергілікті қолданыстар (А.З.Есенбай), 2009 ж. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың лингвомәдени сипаты (Қ.Е.Есенова) зерттелді.

Қазақ диалектологиясының жеке сала болып қалыптасуына көп еңбек сіңірген ғалымдарымыз деп профессор С. Аманжоловты, филология ғылымдарының кандидаты Ж. Досқараевты атауға болады. [3, 128 б]

Қазақ диалектологиясы жөнінде алғаш мақала жазғандардың тағы бірі – профессор Қ. Жұбанов. 1935 жылы «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» деген мақаласында: «Қазақ тілі тұтас тіл, ол тұтастық XIV – XVIII ғасырларда қалыптасқан, ал қазақ тілінің диалектілері дегеніміз XIX ғасырда Ресейге қарағаннан кейінгі қазақтың жері кесіліп, көш жолы үзіліп, әр ру, әр ауыл, әр үй жерге арқандала бастаған осы дәуірде пайда болды», дейді. [4, 323-329 б]

Соңғы кездегі деректерге қарағанда, Қ. Жұбановтың А.Н.Самойловичпен бірігіп экспедиция ұйымдастырып, оны Жетісу жерінен бастамақ болған жоспарлары, ғалымның бұл мәселеге де қызыға қарауынан туса керек. Қазақ диалектологиясының негізін салушы С. Аман-

жолов, Ж. Досқараевтардың да тіл ерекшеліктерін зерттеу нысаны етіп қолға алған өңірі де осы Жетісу еді. 1937 жылы І. Кеңесбаев басқарып бірінші рет ұйымдастырылған диалектологиялық экспедиция да осы Алматы облысының Кеген, Нарынқол аудандарынан басталған болатын. Міне, сол жылдардан бері Жетісу тұрғындары тілін зерттеу толастаған жоқ. [5, 7 б]

Зерттеуші Жүсіпова Бибихадша өзінің «Түркістан тұрғындары тілінің ерекшеліктері» атты еңбегінде мүмкіндігінше Жетісу өңіріне тән сөздер қазақ тілінің басқа аймағынан жиналған материалдармен салыстырылып, оның өзіндік өзгешеліктерін анықтаған. Олар мыналар:

1. Үй жай, қора-қопсы, бау-шарбаққа байланысты сөздер;
2. Киім-кешек, көрпе-жастыққа байланысты сөздер;
3. Ыдыс-аяқ атауларына байланысты сөздер;
4. Тағам атауларына байланысты сөздер.

Сонымен қатар Түркістанның басқа сөйленістерден айырмашылығын көрсету үшін диссертацияда Жетісу, Шу, Қызылорда сөйленістерімен, Шығыс, Орталық-Солтүстік және Батыс сөйленістер тобымен салыстырулар берілген. [6, 6 б]

Атабаева Мереке Сатылғанқызы «Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі» атты еңбегінде сөйленістер лексикасында сөйленіс иелерінің мәдени табын-түсінігін ұғынуға мүмкіндік беретін деректердің маңыздысы – үй-жай тақырыптық тобын құрайтын диалектизмдер екендігін атап көрсетеді. Мысалы:

Қара үй атауы Түрікменстанның Ашхабад, Ташауыз, Теджен аудандарында, Шиеліде, Қостанайдың Жанкелдин аудандарында кездеседі. Өзбекше – қора үй, түрікменше – гара өй киіз үй дегенді білдіреді. Сырдария бойының елі «киіз үй» деудің орнына, қазірге дейін «қара үй» дейді.

Жорған/жуырқан – көрпе мағынасында қазақ диалектісінің үлкен аймағын қамтиды. сен өз жорғанды жамылып жат (Қост., Об., Түрікмен., Таш., Қарақ.). Қонақ балаға жуырқанның қалыңын бер (Алм., Еңб.).

Бұжы – түрікмен, Маңғыстау қазақтарында жаңа сойған қой етін бүйенге тығып әзірлеген тағам. Шұжыққа тоймасаң, бұжыға тоясың (Маң.) [7, 4 б].

Ғалым Бизақов Сейдін өзінің докторлық диссертациясының “Лексикалық варианттар” атты тарауының “жергілікті ерекшелік және лексикалық варианттылық” деп аталатын бөлімінде диалектілер жайлы айтып өтеді. Келбет/сықпыт, шолан/шошала, ілгек/салытқа, тұмак/құлақшын, әмиян/шилан, сүзек/кезік, сүзгі/кәкпір, шәлі/желек, кебек/күрпі, жүгері/порми, көрпе/жұрқан, құлық/дейі, қолдаушы/дес, парықсыз/делқайыр, ылғи/деней, доғабас/айылбас, қайнаға/жәке, бөбешік/кішкене тіл жарыспаларының алдыңғы сыңары әдеби норма болса, соңғы сыңары баспасөзде сирек қолданылатын жергілікті сөйлеу ерекшелігіне жатады.

Ақын-жазушылар шығармасында ұшырасатын тұтанақ, үйірмекіл, бешкеш қылу, кәрләһат, қыжыл, жақамау, сапант, әукету, аңқа, мәнжүлік, әңгере, тәлейім, сәлдекен, мошқау, сімсік, сұқаңдату, алапа, салқар, сертиту, тауан, мауыздай, әспенсіт, желемік, моруғы, ішкертін дойыр, сапастық, шалт ету, ырсық қағу, күресін, құлдап кету, иянаттау, шырпы, қалбыр, қанар, шылапшын, даңғарадай, дәудірлеу, доғал, дойыр, жолай, ежіктеу, жертөле, қапталдау, леген, қамыр, ызбарлы, ықтиятты, ықтияр, ықтырма, шекер т.б. көптеген сөздер де говорлық дублеттер емес, едәуір кең аймаққа тараған мағынасы айқын дербес сөздер деуге толық негіз бар [8, 47-48 бет].

Мұхамбетов Жомарт Ибатоллаұлы «Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні» атты еңбегінде Батыс Қазақстан өңіріне тән диалект сөздерге зерттеу жасаған. Ол Батыс Қазақстан өңіріне тән материалдық мәдениетке қатысты этнодиалектизмдер былайша топтастырған:

1. үй-жай атауларындағы диалектизмдер; ыдыс-аяқ атауларындағы диалектизмдер;
2. киім-кешек атауларындағы диалектизмдер;
3. дене мүшелерінің атауларындағы диалектизмдер;
4. тағам атауларындағы диалектизмдер;
5. құрал-жабдық атауларындағы диалектизмдер;

6. жануарлар атауындағы диалектизмдер;
7. жер бедері атауларындағы диалектизмдер;
8. өсімдік атауларындағы диалектизмдер [9, 3 б].

Осы айтылған мәліметтерге байланысты диалект сөздер көптеген ақын-жазушылардың шығармаларында кездесіп жатады. Оған мысал ретінде мен Тахауи Ахтановтың шығармасын талдауға алдым.

Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» атты жинағындағы «Махаббат мұңы» хикаятындағы диалект сөздердің қолданысы мынадай:

1. «Кеудесін басқан зіл салмақ қозғалып кеткендей, алқынып, екі **иінінен** дем ала бастады.» (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 53 бет).

Иін – иық. Гурьев, Теңіз ауданы, Орал, Орда. [Диалектологиялық сөздік 323 бет].

Бұл сөйлемдегі «иін» диалект сөзін жазушы адамның «иығы», екі иығынан дем ала бастағанын «иін» сөзімен алмастырған.

2. «**Ылди** жақ шиедей кілкілдеп тұр.» (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 54 бет).

Ылди – өсімдік атауы. Жезқазған облысы, Ұлытау ауданы. [Диалектологиялық сөздік 766 бет].

Көрсетілген мысалдағы «ылди» сөзі өсімдік атауында жұмсалып, сол өсімдіктің төңірегін шиі секілді кілкілдеп тұрғаны суреттеліп тұр.

3. Іші **бықырсып** тар қапас боп тұрған сандық таза ауаға, жарыққа кеудесін кеше ашып, рахаттанып тұрған тәрізді. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 55 бет).

Бықырсып – бықсу, қоқсу. Қызылорда, Арал. [Диалектологиялық сөздік 194 бет].

Берілген мысалдағы диалект сөз бықсу, қоқсу сөздерімен мағыналас болып келеді. Тар қапас секілді сандықтың іші бықсып, қоқсығанын жеткізіп тұр.

4. Қысып ұстаған саусағына да шүберек астындағы **сабан** батып барады. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 56 бет).

Сабан – сабағы қатты шөптен қалған қиқым. Орал, Орда. [Диалектологиялық сөздік 563 бет].

«Сабан» сөзінің мағынасы Орал және Орда өңірлерінде сабағы қатты шөптен қалған қиқым ретінде жұмсалады екен.

5. Қурап тұрған **шырпыдай** оттықты жақындатсаң-ақ лап ете қалады. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 58 бет).

Шырпы – сексеуілдің шабылып алынған жас кезі, сексеуілдің жіңішке басы. Түрікменстан, Ташкент, Көнеүргеніш, Тахта, Қызылорда, Теджен, Байрамалы станциясы, Қарақалпақстан, Алматы. [Диалектологиялық сөздік 756 бет].

Бұл мысалда «шырпы» сөзі сексеуілдің шабылып алынған жас кезі мағынасында қолданылып тұр. Яғни, шырпыдай деп теңеу ретінде де жұмсалып тұр.

6. Кішкене қаңқаға қара теріні қаптай салғандай **рабайсыз** арық.

Рабайсыз – өте, аса. Көкшетау облысы, Еңбекші ауданы. [Диалектологиялық сөздік 560 бет].

Мысалдағы диалект сөз Көкшетау облысы және Еңбекші ауданында өте, тым, шектен тыс мағынасында қолданылады екен.

7. Әлі **сілесін** қатырармын «Нарқоспақтың». (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 64 бет).

Сіле – қарғыс. Гурьев: Маңғыстау. [Диалектологиялық сөздік 610 бет].

Шығарма тіліне көрік бере түсу үшін жазушы Тахауи Ахтанов бірнеше диалект сөздерді қолданған. Солардың бірі «сіле» сөзі. Әдеби тілдегі «қарғыс» сөзінің баламасы болып келеді.

8. Қыз мінезі де қызық-ау, несіне **шәк** келтіріп, несіне шошыған!? (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 66 бет).

Шәк – күмән, шүбә. Семей облысы, Көкпекті ауданы. [Диалектологиялық сөздік 712 бет].

Мысалдағы «шәк» сөзі күмән, шүбә, күдік сөздерінің баламасы. Семей облысындағы Көкпекті ауданында кеңінен қолданылады.

9. Сол қыздың **ығын** алып, өзінің бетіне қарай алмай тайқақтаған Нияз. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 68 бет).

Ығы – реті, ыңғайы. Алматы облысы. Кеген ауданы. [Диалектологиялық сөздік 762 бет].

Ыңғай, реті деген сөздердің диалект ретінде жұмсалатын сөзі «ық», «ығын табу», «ығын алу» ретінде қолданыс тапқан.

10. Кешке таман үйде **шүңкиіп** жалғыз отыр. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 75 бет).

Шүңкиіп – бүрісу. Гурьев, Теңіз ауданы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы. [Диалектологиялық сөздік 744 бет].

Шүңкиіп яғни, бүрісу сөзімен мағыналас болып келеді. Тек шүңкию сөзі белгілі бір аймақтарда ғана, мәселен Батыс Қазақстан аймағында, әсіресе Гурьев, Теңіз ауданында, Солтүстік Қазақстанда, Қостанай облысында, Жангелдин ауданында қолданылып, диалект сөздер қатарына кіреді екен.

11. Ана Индияның Гандиі жан біткенді маңдайдан шертуге қарсы болса, мына Ганди **жұмырықтан** басқаны жұмсамайтын сияқты. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 82 бет).

Жұмырық – жұдырық. Гурьев, Маңғыстау, Есбол ауданы, Лебяжі ауданы, Павлодар облысы, Көкшетау облысы, Қызылту ауданы. [Диалектологиялық сөздік 298 бет].

«Жұмырық» сөзі Орал, Орда аймақтарында жұдырық сөзінің орнына қолданылса, жоғарыдағы сөйлемде де сол мағынада жұмсалған.

12. Бейне арнап қонаққа шақырған үйі қатықсыз қара көже беріп шығарып салғандай қатты **қонылтақсыды**. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 87 бет).

Қонылтақ – жұқа кепкен тезек. Алматы, Жамбыл. [Диалектологиялық сөздік 456 бет].

Қонылтақ сөзі бұрын-соңды естімеген диалект сөздердің қатарынан орын табады. Ал оның әдеби тілде беретін мағынасы жұқа кепкен тезек. Сөйлемде сол тезекке ұқсатып қолданылып тұр.

13. **Қаншырдай** қатқан денесіне ет те қосылмаған – тарамыс қара. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 88 бет).

Қаншыр – құс аты. Жамбыл, Жуа. [Диалектологиялық сөздік 411 бет].

Жамбыл өңірінде «қаншыр» сөзі құс атауын білдіреді. Берілген мысалда «қаншырдай» деп құс атауына тенеп тұр.

14. Ұзақ жыл үміт артып, алтын деп, көзінің қарашығындай сақтап жүргені **бақыр** болды. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 89 бет).

Бақыр – ұсақ тиын. Алматы, Жамбыл, Шу. [Диалектологиялық сөздік 140 бет].

Бұл сөйлемдегі «бақыр сөзі» ұсақ тиын деген мағынаның орнына қолданылған. Көрсетілген мысалдағы кейіпкердің еңбегі ұсақ тиындай бекер болғаны жайлы баяндап тұр.

15. Өтірік мұңайған кәдімгі **монтаны** кескін екен ғой онысы... (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 89 бет).

Монтаны – білсе де, білмегенсіп тұратын қу, арамза адам. Ресей Федерациясы, Орынбор облысы. [Диалектологиялық сөздік 515 бет].

«Монтаны» диалект сөзі адам бойындағы жағымсыз қасиетін сипаттайтын сөзге жатады. Сөйлемдегі мағынасы орнында дәл жұмсалып тұр.

16. Содан кейін **өртеңнің** орнындай қайта тазарған жүрегі үлкен сезімге, шынайы достыққа ашық болмақ. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 90 бет).

Өртең – лау бекеті. Монғол Халық Республикасы. [Диалектологиялық сөздік 546 бет].

Монғол Халық Республикасында лау бекетін «өртең» деп қолданады. Сөйлемдегі мағынасымен сәйкес келеді.

4 Қорытынды

Әр халық үшін тіл – табиғаттың тұңғыш та таптырмас тамаша тартуы; тіршілік тірегі мен тот тигізбес тіні. Тіл құндылығын, қасиетін қастерлейтін халқымыз – «дінінді жоғалтсаң да, тіліңді жоғалтпа» дейтіні де содан. Тілдің жаны – оның құрамындағы сөздер. Диалект –

жалпы халықтық тілдің құрамындағы бір саласы деп ұғынған жөн. Диалектінің жеке-дара тіл болмай диалект аталуының себебі – ол жалпы бір тілге тән ортақ ерекшеліктермен қатар сол тілдің бір тармағы болып саналатын диалектінің өзіндік ерекшеліктерін қамтиды. Қазақ тілінің қазіргі даму сатысында диалектизмдер деп аталатын едәуір мол лексикалық топтар мен жергілікті фонетикалық, грамматикалық бірліктер бар. Олар, негізінде, әдеби тіл нормасынан тыс тұратын элементтер. Жергілікті тіл ерекшеліктері – ауызекі сөйлеу бірліктері, ал халықтың ауызекі сөйлеу үрдісі – жазба әдеби тілді толықтыратын көздердің бірі, сондықтан баламасы жоқ зат атауларын, кәсіпке, әр алуан шаруашылық ұғымдарына, әр өлкеге тән табиғатына және тағы да басқаларына қатысты сөздерді жергілікті сөйлеу тәжірибесінен – диалектизмдер құрамынан тандап алу процесін әлі де тоқтатуға болмайды. Диалектизмдер көркем әдебиетте суреткерлік құралдың бірі ретінде қолданылады. «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» сияқты құнды материалдардың ішінен бүгінгі және ертеңгі жазба әдеби тіліміздің лексикалық қазынасын байытуға қажет бірліктерді іздестіру, іріктеу, тандап алу қаракетін жүргізе беру – алдағы міндеттеріміздің бірі ретінде саналады. Диалектизмдердің қолданыс қызметі тілдің даму барысындағы сипатымен жаңарып отырып, жаңа атаулық сипатқа ие болады. Сондықтан ғалымдар диалектілік лексиканы ұлттық әдеби тілді байыту жолдары деген тұжырымға келеді. Түп-тамыры халықтың ауызша сөйлеу тілінен тараған диалектілік лексиканы, бүгінгі күнгі қолданыстағы барын жинақтау, топтастыру тілді байыту көздерінің арналары болып табылады. Меніңше, диалектілерге тілдің керексіз элементтері ретінде ғана қарауға болмайды. Керісінше, олар бір кездердегі тіл тарихының куәлары, тарихтың бізге жеткен ізі, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың кәсіби тілінің ерекшеліктері.

Әдебиеттер тізімі

1. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. Алматы: Ғылым. 2002, – 159 бет.
2. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы, 1989, – 160 бет.
3. Тасымов А. Қазақ диалектологиясы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 159 бет.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым. 1999 – 211 бет.
5. Есимболова М. Жетісу сөйленістерінің лексикалық ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. Алматы. 2003, – 30 бет.
6. Жүсіпова Б. Түркістан тұрғындары тілінің ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. Алматы. 2003, – 30 бет.
7. Атабаева М. Қазақ тіліндегі диалектілік лексикологияның этнолингвистикалық негізі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. Алматы. 2006, – 50 бет.
8. Бизақов С. “Варианттылық және әдеби норма” Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты, Алматы – 2001, – 51 б.
9. Мұхамбетов Ж. Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. Алматы, 2007, – 30 бет.

Материал редакцияға түсті 29.11.2021

КАНАПИНА, С.Г., МЕШИТБАЙ, А.К.

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ДИАЛЕКТИЧЕСКИХ СЛОВ В РАССКАЗЕ ПИСАТЕЛЯ ТАХАУИ АХТАНОВА «МАХАББАТ МУНЫ»

В статье рассматривается специфика употребления диалектных слов в повести писателя Тахауи Ахтанова «Махаббат муны». А также взято во внимание изучение диалектных слов в казахском языкознании. Значение диалектных слов, употребляемых в произведении, раскрываются диалектологическим словарем.

Ключевые слова: диалектология, разговорный язык, говоры, диалектные слова, диалектологический словарь.

KANAPINA, S.G., MESHITBAI, A.K.

FEATURES OF USING DIALECTIC WORDS IN THE STORY OF THE WRITER TAKHAUI AKHTANOV "MAHABBAT MUNY"

The article examines the specifics of the use of dialect words in the novel by the writer Takhaoui Akhtanov "Mahabbat of the Moon". The study of dialect words in Kazakh linguistics is also taken into account. The meaning of dialect words used in the work is revealed by the dialectological dictionary.

Key words: *dialectology, spoken language, dialects, dialect words, dialectological dictionary.*

ӘОЖ 8.81

Қанапина, С.Ғ.,

*филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор*

Исмагамбетова, Ж.Б.,

*«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

Омарова, Д.К.,

*«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСІНДЕГІ ТЕҢЕУ
СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін

Теңеу – көркем мәтінде көрнекті орын алатын әсерлі сөз және затты, нәрсені, құбылысты немесе солардың белгісін, қасиетін, сапасын көрсететін көркемдік ұғым және көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған категория. Теңеу сөз образдарының ішінде ең жиі қолданылатын шоғыры болып саналады. Мақала Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесіндегі теңеу сөздердің қолданылу ерекшелігін зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: *теңеу, повес, этнолингвистика.*

1 Кіріспе

Теңеу – жазушының затты, құбылысты басқа затпен не құбылыспен салыстыра суреттеу арқылы, оның ерекше белгілерін ашатын әдеби көркемдегіш құрал. Теңеуді қолдану сөйлемді алуан қырлы етеді, мағынасына тереңірек енуге көмектеседі, бай бейнелі ассоциациялар туғызады.

Бекбосынова А. Х. «С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу» атты ғылыми монографиясында теңеуге «Теңеу – күнделікті ауызекі сөйлеу барысында және көркем шығармаларда молынан қолданылатын тәсіл. Теңеуді қажет жерінде дәл қолдану, тың жана теңеулер жасау – кімнен болса да нағыз шеберлікті талап етеді. Өз орнында тұрған ұтымды теңеуден дүниенің тілдік бейнесін ғана емес, ақиқат дүние туралы хабар да аламыз. Теңеулердің көркем шығарманың эстетикалық қырын айқындаудағы қызметі де ерекше деуге болады. Теңеуді пайдалана отырып, ақын-жазушылар өз шығармасының көркемдік дәрежесін биікке көтереді, ақиқат болмысты толығырақ білуге мүмкіндік береді және теңеуге тілдік тұрғыдан талдау жасау арқылы әр ақынның өзіндік қолтаңбасын, дүниетанымын байқауға болады» – деп анықтама береді [1].

«Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу. Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді», – дейді З. Қабдолов [2].

Поэтикалық тілді зерттеуші лингвист Л. А. Новиков: Троп арқылы біз сөздерді ауыспалы мағынада түсінеміз, ол біздің ой, сезім сарайымызды кеңейтеді, жаңа мазмұнмен, өрнегімен біздің поэтикалық ойымызды байытады. Ал фигура – керісінше, ол тілдік форма, еш жаңалық енгізбегенімен, біздің әсерімізді ерекше айшықтап, айқындап, күшейтіп отырады, дей келіп, теңеуді троптардың алғашқы түріне жатқызады [3].

Профессор Т. Қоңыров теңеудің танымдық мәні туралы «... теңеулік таным жалпы танымдай емес. Бұл дүниеге көркемдік көзбен қарайды. Ол заттар мен құбылыстарды суреттеп, әшекейлеп, бояп, әсерлеп, сезімге бөлеп көрсетеді. Бір зат пен екінші зат салыстырылғанда, оның шын болмысымен қатар көркемдік тұрғыдан болуға тиісті «қасиеттері» де еске алынады. Яки көркем теңеулерде бір-біріне ұқсатылатын заттар мен құбылыстардың негізгі қасиеттерімен қатар олардың қосымша қасиеттері де салыстырылады. Мінеки осы қосымша белгілер көркемдік танымның құнын арттыра түседі» – дейді [4].

Ғалым М. Серғалиев «Теңеудің стилистикалық қызметі әр алуан. Бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады», – деген [5].

Теңеу терминін қазақ филологиясында алғаш қолданып, ғылыми анықтама берген қазақ тіл білімінің, әдебиеттану ғылымының негізін салушы ғалым А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «Теңеу екі түрлі; 1) әншейін теңеу, 2) әдейі теңеу» деп бөлген [6].

Т. Қоңыров троптардың ішінде теңеуге толық талдау жасап, оның 10 түрлі тәсілмен жасалатынын дәлелдеген:

- 1) -дай; -дей; -тай; -тей; -дайын; -дейін; -тайын; -тейін жұрнақтарының көмегімен;
- 2) -ша; -ше жұрнақтарының көмегімен;
- 3) шығыс септігі жалғауының (-нан; -нен; -дан; -ден; -тан; -тен) көмегімен;
- 4) секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен;
- 5) бейне сөзінің көмегімен;
- 6) тең сөзінің көмегімен;
- 7) ұқсас сөзінің көмегімен;
- 8) параллелизм тәсілі көмегімен;
- 9) аралас тәсілдің көмегімен;
- 10) қосалқы тәсіл көмегімен.

«Сезім мүшелері мен қарым-қатынасына қарай қазақ теңеулері бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді. Бұл топтар теңеулердің нақты мағынасынан, олардың сыртқы дүниемен қарым-қатынасынан келіп туады. Міне осы тұрғыдан келіп, біз қазақ теңеулерін төмендегідей топтарға жіктеп қарастырдық: 1) көру теңеулері, 2) есту теңеулері, 3) дәм сезу теңеулері, 4) дене сезімі теңеулері, 5) иіс сезімі теңеулері, 6) сезім-күй теңеулері. Теңеулерді бұлайша топтау жаңалық емес. Бұл әдіс совет филологтары мен шетел ғалымдары еңбектерінде едәуір көрініс тапқан» [7].

2 Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Теңеудің анықтамасы, түрлері және зерттеген ғалымдардың еңбектері қаралды. М. Әуезовтің «Қилы заман» атты повесіндегі теңеу сөздер теріліп, қолданылу ерекшелігіне қарай талданды.

3 Негізгі бөлім

Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесіндегі терілген теңеулер:

1. Қазір де **құмырсқаның илеуіндей** болып быжынап, жыбыр-жыбыр қағып бүлкілдеп, қызара бөртіп, ажарланып, күннен күнге қарнын қампитып келе жатқан жәрмеңке – сол қазақ даласын торуға шыққан жайындай болатын. (М. Әуезов «Қилы заман» 2-бет)

Құмырсқа қазақ танымında тынымсыз еңбектің нышаны. Қазақ «құмырсқадай қажырлы», «құмырсқадай еңбекқор» деген тіркестерді жиі қолданады. Ахмет Байтұрсынов «Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндеі жұмыс сияқты. Бірі оны, бірі мұны істеп, илеуде қарап тұратын құмырсқа болмайды. Жұрт та жұмысын құмырсқаша жабыла тынбай істесе, ісі алға

басады» – деген. Автор Қарқара жәрмеңкесін құмырсқа илеуіне теңеу арқылы сондағы қайнап жатқан тіршілік пен қараша халықтың еңбегін, жұмыла жасаған жұмыс арқасында көркейіп келе жатқан Қарқара жәрмеңкесін суреттеген.

2. **Көгенге кірген борсықтай** байлаулы бағланның май құйрығына тұмсығын тығып, сауыры бүлкілдеп қана жылы-жұмсағын соруда болатын. (М. Әуезов «Қилы заман» 2-бет)

Малдың қазақ елі үшін әркез орны бөлек болатын, себебі төрт түлік халқымыздың көлігі де, азығы да болған. Ертеде қазақ халқы қой-ешкіні сауар бұрын төлдерін көгендейтін. Суреткер шығармадағы жылдық керегін Албан еліндегі жәрмеңкеден күреп алғысы келетін саудагерді көгендегі қозы-лақтың майын сорып, соны азық еткен борсықтың жылы-жұмсақ жайымен теңестірген.

3. **Киіздей** қалың көк шалғынды Қарқара жазығы ерте күннен Албанның құт-берекелі жайлауы еді. (М. Әуезов «Қилы заман» 3-бет)

Киіз – қойдың күзем жүнінен басылған бұйым. Қазақ халқында «Аспаннан киіз жауса да, құлға ұлтарак тимейді», «Арба иесі күпшек дер, киіз иесі білек дер» сияқты киізге байланысты терең мағынаға ие мақалдар көп. Көшпенді қазақ халқының баспанасы киізбен қапталғасын жылы, жайлы болған. Албан жайлауының шалғының киіздің қалыңдығымен теңеп, автор Қарқара жазығының табиғатының байлығын бейнелеген.

4. Мыңдаған жылқы, сан қора қой ала жаздай ірге аудармай жабысып, жалмай жатқанда, бұл жазықтың **жібектей** толқыған өскелең шалғыны сыр білдермей шыдайтын, әрбір жауын екілендіріп, өршелендіріп түсіргендей құлпыртып, жетілтіп отыратын. (М. Әуезов «Қилы заман» 3-бет)

Жібек – талшықтан тоқылған, беті тегіс, жылтыр, қымбат мата. Жібек матасы әркез байлық пен молдықтың нышаны болған. Қазақ «Жібек мінезді» тіркесі арқылы адамның мінезінің жұмсақтығын, ашықтығын сипаттаған. Үзіндіде даланың портретін жібекке балау арқылы, табиғаттың сұлулығын, жұмсақ шалғынын, жылтыр қамысын суреттеген.

5. Бірі – жар төсегін арамдап қойған, **жүрісі сұйық тоқалдай** жағына, жалтаңдай, жорғалай қарайтын жасқаншақ көз. (М. Әуезов «Қилы заман» 4-бет)

Жүрісі сұйық – бұл фразеологизм. Исмет Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегінде жүрісі сұйық дегенге «Жеңіл жүрісті, ісі мардымсыз, ісі берекесіз» – деп анықтама берген [8]. Берілген сөйлемде автор тілмаштың көзқарасын жүрісі сұйық тоқалға теңеу арқылы оның мінездемесін беріп тұр. Бұдан тілмаштың жеңілдің үстімен жүретін, жағымпаз да, жасқаншақ кейіпкер екенін көруге болады.

6. Пристав тілмашы Жебірбаев ұлығы мен екеуіне түскен малдан үш жүз қой, елу қараны кешегі күні **жемтік жағалаған қарғадай** айналасынан шықпай жүрген туысқандарымен өз елінің жайлауына қарай жүргізген болатын. (М. Әуезов «Қилы заман» 4-бет)

Жемтік жағалаған қарғадай – фразеологизмдік теңеу. Исмет Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» осы фразеологизмге анықтама берген: «Жемтікке қонған күшігендей – дайынға тап беріп, ел ырысын жеген жемқор адам туралы» [9]. Мұнда «жемтікке қонған күшігендей» мен «жемтік жағалаған қарғадай» фразеологизмдері синоним болып келеді. Осы сөйлемде тілмаштың мал түсірген жерден ірі-қараны өз еліне айдап әкетуінен оның бойындағы жемқорлық пен қара басының қамын ойлаушылықты анық көре аламыз.

7. Енді бүгін жаңа екпінмен **құдайдай** сыйлаған приставына сеніп, елдің май қалтасына тағы да сұғанақ қолды сұқпақ болып, базар ортасындағы Ақжелке кеңсесіне тағы келіп еді. (М. Әуезов «Қилы заман» 4-бет)

Құдай – күллі дүниені жаратушы және оның әміршісі саналады. Қазақ халқының өзгелерді «Құдайдың жаратқаны» деп сыйлауы, үйіне шақырмай келген қонағын «Құдайы қонақ» атап, құрмет көрсетуі, тек діни қызмет атқарып қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы қарым-қатынасты реттеудің қуатты құралы болып табылады. Туындыдағы контекстте приставты тілмаштың құдайына теңеу арқылы, тілмаштың приставқа деген сенімін бейне-

леген. Тіпті сенгені соншалық, халықтың нанын тартып алу сияқты сұмдық істерге баруға да қорықпайды.

8. Бұл жетпістен асқан қарт, **қырандай**, кәрі шораяқ алғыр шешен еді. (М. Әуезов «Қилы заман» 21-бет)

Қыран – көшпелі халықтың таным-түсінігінде – батылдықтың, мықтылықтың, қайсарлықтың, еркіндіктің символы. «Қыран құс қисық ұшып, түзу ілер», «Қыран құстың баласы ұшса келмейді ұяға» сынды қазақта қыран жайлы мақал-мәтел көп. Мемлекетіміздің туында да қыран құсы бейнеленген, Шәкен Ниязбеков қыран құс арқылы еліміздің дербес, жігерлі, екенін көрсеткен. Жетпістен асқан қарт дегенде көз алдымызға курап бара жатқан егде жастағы кісі елестейді. Ал қырандай деген теңеу арқылы біз қарияның әжім басқан бетінен қайсарлықты, сенімділікті және ойының еркіндігін көре аламыз. Образдың қайтпас мінезі де осы теңеу арқылы ашылған.

9. **Таудың киігіндей** кең жайылған тіршілігі бар еді. (М. Әуезов «Қилы заман» 22-бет)

Қазақ елінің жақын тұтып, аялап, кие тұтатын түз тағыларының бірі – киік. Киік қазақ секілді сайын даланы еркін мекендейтін, жердің сұлуын таңдап көшіп-қонып жүретін түз тағысы. Қазақта қызға «Құралай» деп ат қою, елден ерек сүйкімдіні «Киіктің лағындай» екен деп теңеудің өзі халқымыздың сайын даланың еркесіне деген ерекше көзқарасының дәлелі. Киік дәл қазақ елі сияқты жетімге жанашыр. Далада жетім қалған лақты көрсе, оны емізіп, бауырына басады екен. Шығармада Албан баласын таудың киігіне теңеумен, оның еркін, тіршілігі түзу, бір қаланың ғана емес, барша қазақ даласының баласы екендігі анық жеткізіліп тұр.

10. – **Жабының жол бұзатын жорғасындай** тілің бар неме екенсің. (М. Әуезов «Қилы заман» 29-бет)

Жабы – байырғы қазақ жылқысының салт мінуге де, жегуге де ыңғайлы, алыс жолға төзімді бір түрі. Автор жабының жол бұзатын жорғасындай деп жылқының тіпті жолды бұзатын күштілігі мен мықтылығын кейіпкердің бойына енгізіп берген.

11. Ең ақырында боз қасқаның қанымен анттасып, Жәмеңке Албанның Райымбек, Саурық бастатқан қадірлі ұлы аруақтарының бәрін атап тұрып, «солардың оң сапарын бер» деп, мойнына бұршағын салып тұрып, тілек қылып, **бір әкенің баласындай** бір ниетке тас түйін болып буылған елге ақ батасын берді. (М. Әуезов «Қилы заман» 30-бет)

Қазақ бір-бірін бауырым деп, қазақ қызын қарындасым деп сыйлаған. Ақсақал-билер «бір әкенің баласындай жұмылып еңбек естек, ісіміз алға басады» – деп нақыл сөздер айтқан. Осы сөйлемде де теңеу елдің ұйымшыл, біріккен, бір-біріне бауырдай жанашыр екенін сипаттау үшін жұмсалып тұр.

12. Сондықтан жаздың бір жарық айлы, желікті, үмітті түнінде **тағдыр бұйрығындай** жетектеп тартқан ыстық жалын, махаббат бұйрығы жас сұлуды алысқа тартқан. (М. Әуезов «Қилы заман» 35-бет)

Қазақ халқы адам өмірінде орын алатын жақсы немесе жаман жағдайларды тағдырмен байланыстырады. Тағдыр – адам өміріндегі барлық оқиғалардың алдын ала белгіленуін білдіретін діни ұғым. Жазушы адамның шешімі мен қалауына бағынбайтын махаббат сезімін тағдыр бұйрығымен ұштастырып бейнелеген.

13. Бірақ сол кезде **тыңнан шыққан өрттей, ашық күнде күркіреп жауған өткіншідей** жалған ашу, жалған намыс иесі болып, осы Тұңғатар мен Қожамберді шықты. (М. Әуезов «Қилы заман» 36-бет)

Тыңнан шыққан өрттей деп бұл жерде болмашы нәрседен пайда болып, өрттей өршіп кеткен ашуды бейнелеп тұр. Өткінші жауын – кенеттен жауып, тез басылатын жауын түрі. Бұл сөйлемдегі ашық күнде күркіреп жауған өткінші деп кейіпкерлердің себеп жоқ жерден ызаға мінуі мен жалған намысын көрсеткен.

14. Су жолы **жіңішке жыландай** ұзынынан созылып, кей жерінде ғана аз-аз иірілгендей, барлығы да биік, тік кезеңнің етегінен басына шейін шұбатылады. (М. Әуезов «Қилы заман» 56-бет)

Жылан жіңішке ғана, әрі ұзын келетін табиғат иесінің бірі. Жіңішке жыландай деген теңеу тек бұлақ жолының ұзын екенін ғана емес, сонымен қатар су бетінің жылан терісіндей жылтырлығын да бейнелеп тұр.

15. Жазық үстіне кең аспанда кесек-кесек **ақ мамықтай** болып ақ бұлттар қыдырады. (М. Әуезов «Қилы заман» 73-бет)

Мамық – үлпілдеген жұмсақ құс жүні. Бұл сөйлемдегі теңеудің рөлі зор. Егер автор жай ғана бұлт десе, көз алдымызға түрлі бұлттар елестейді: сұр бұлттар, желең бұлттар және тағы да басқалары. Нақтылық болмаған жағдайда, оқырманның ойы бөлініп, берілген пейзажды қабылдай алмайды. Ал осы жердегі ақ мамықтай деген теңеу арқылы автор ауайының ашықтығын, ақша бұлттарды бейнелегенін айқын көре аламыз.

4 Қорытынды

Теңеу – танымдық қызметі зор, көне әрі қарапайым, тілде жиі қолданылатын көркемдегіш құрал. Шындық әлемді танудың қисынды құралы бола отырып, теңеу көп қырлы, мазмұнды тілдік құбылыс. Мақаланы жазу барысында Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» атты повесінен 15 теңеу сөздер теріліп, талданды. Талдауға түскен теңеулер -дай; -дей; -тай; -тей; -дайын; -дейін; -тайын; -тейін жұрнақтарының көмегімен жасалынған. 15 теңеудің 2-сі фразеологизмдік теңеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Хасанқызы Б. Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу – Қостанай. ЖШС «Центрум», 2014. – 116.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «TST – Company». 2006. – 217б.
3. Новиков Л. А. Искусство слова. Москва: Педагогика, 1991. – 141б.
4. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192б.
5. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1965. – 212б.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208б.
7. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1981. – 331б.
8. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 121б.
9. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 111б.

Материал редакцияға түсті: 22.12.2021

КАНАПИНА, С.Г., ИСМАГАМБЕТОВА, Ж.Б., ОМАРОВА, Д.К.

ОСОБЕННОСТИ УПОТРЕБЛЕНИЯ СРАВНИТЕЛЬНЫХ СЛОВ В ПОВЕСТИ МУХТАРА АУЕЗОВА «КИЛЫ ЗАМАН»

Сравнение – это категория, в которой обобщается впечатляющее слово, занимающее видное место в художественном тексте, и художественное понятие, отражающее предмет, вещь, явления или их признак, качество и национальные особенности художественного мышления. Среди образов слова сравнения считаются наиболее часто употребляемыми. Статья посвящена изучению особенностей употребления сравнительных слов в повести Мухтара Ауэзова «Килы заман».

Ключевые слова: *сравнение, повесть, этнолингвистика.*

KANAPINA, S.G., ISMAGAMBETOVA, ZH.B., OMAROVA, D.K.

FEATURES OF THE USE OF COMPARATIVE WORDS IN MUKHTAR AUYEZOV'S STORY «KILI ZAMAN»

Simile is a category in which an impressive word that occupies a prominent place in a literary text, and an artistic concept that reflects an object, thing, phenomenon or their attribute, quality and national characteristics of artistic thinking. Among the images, the words of comparison are considered the most frequently used. The article is devoted to the study of the features of the use of comparative words in Mukhtar Auevov's novel «Kily zaman».

Key words: *simile, story, ethnolinguistics.*

ӘОЖ 8.81

Қанапина, С.Ғ.,
 филология ғылымдарының кандиданты,
 қауымдастырылған профессор
Қуанышбаева, Г.Ш.,
 «БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
 оқу бағдарламасының 2 курс студенті

ТҮТҚАБАЙ ИМАНБЕКОВТЫҢ «ҮЛКЕН ҮЙ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТЕҢЕУДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Түйін

Тілдегі теңеулер – бүгінгі ұлттық әдеби тілдегі бағзы заман өмірінің адам санасындағы ұқсату белгісінің көркемдік қуаты. Берілген мақала Тұтқабай Иманбековтың «Үлкен үй» романындағы теңеулердің этнолингвистикалық қолданысын зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: теңеу, этнолингвистика, сөздік, мағына, құбылыс.

1 Кіріспе

Теңеу – екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп тараған тәсілі. Жасалу қалпына қарай теңеулердің сан түрлі болып келетіні байқалады. Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипат-белгісін, түсін, дыбыс-үнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып бейнелеу негізінде туады. Сонымен қатар бір нәрсені басқа нәрсемен қимыл-козғалысындағы ұқсастықты тірек етіп салыстыру жолымен жасалған теңеулер де жиі кездеседі. Бір-біріне мүлде жанасымы жоқ сияқты көрінетін екі нәрсенің қандай да бір қасиет-белгілерінен, не қимыл өзгешелігінен ұқсастық, жақындық тауып, теңестіруге болатынын атап айта кету қажет. Бұдан теңеуді әдебиетте, поэзияда бейнелеу құралы етіп пайдаланудың шексіз бай мүмкіндігі бар екені айқындалады.

Теңеудің өзгешелігін, мазмұндылығын, тереңірек түсіну үшін тағы бірер мысал келтіруге болады. Алдымен *«көптің күші көлдей, көшіп жүрген елдей»* деген теңеуді алайық. Осы теңеулер біздің көз алдымызға шалқар айдын көлді, шетсіз, шексіз сияқты болып, шалқып жатқан суды, не болмаса, үдере көшіп келе жатқан көп адамның, елдің бейнесін елестетеді. Сондықтан біз көптің күші мығым, зор деген тұжырымды тек ұғым күйінде ғана қабылдап қоймаймыз, көз алдымызда айқын елес беріп тұрған көлдің, елдің көрініс әсері, суреттілік, бейнелілік әсері арқылы терең сезіне отырып та қабылдаймыз.

Немесе, *«қақтаған ақ күмістей»* деп қыздың маңдайын сипаттайтын теңеуге зер салып қарасақ, мұның мағынасы өте кең, бай екенін көреміз. Бұл теңеу сұлу қыздың маңдайының ақ, кең деп тікелей көрсетілген сипаттарымен қатар жарқыраған, жазық, нәзік, ешбір мінсіз, көз тартарлық көркем деген сияқты талай қасиеттерін де қоса аңғартады.

Теңеу туралы айтылғанда салыстыру үшін қандай нәрсе алынып отырса, соған көбірек мән беріледі. Асылында, мәселе тек онда ғана емес. Сол салыстыру арқылы сипатталып отырған құбылыс, нәрсе қандай, оның нендей ерекшелігі көрсетіліп отыр және екі нәрсені теңестірудің өзінен қандай мағына туып, ой аңғарылады – міне, алдымен осылар толық ескерілуге тиіс [1].

Қазақ тіл білімінде теңеуге толық талдау жасаған ғалым – **Т.Қоңыров**. «Қазақ теңеулері» атты ғылыми монографиясында теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын: жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастыра отырып, теңеуге анықтама береді:

«Сонымен, теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі. Сондықтан да теңеуді таным

құралы ретінде философияда, стильдік әдіс ретінде әдебиеттану ғылымында, тілдің бейнелі конструкциясы ретінде тіл білімінде зерттейді».

Ғалым Қ.Жұмалиевтің пікірінен шығатын қорытынды мынау: қазақ теңеулерінің жасалуының үш түрлі тәсілі бар: бірінші, -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтары арқылы, екінші, -ша, -ше жұрнағының көмегімен, үшінші – секілді, сияқты, тәрізді сөздері. Қ.Жұмалиевтің бұл пікірі дұрыс болғанымен, теңеудің жасалу тәсілдерін түгел қамти алмайды. Қолда бар қыруар материалды сұрыптай келгенде, қазақ тіліндегі теңеулердің жасалуының төмендегідей жолдары бар екені анықталды:

1) **-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін** жұрнақтарының көмегімен;

2) **-ша, -ше** жұрнағының көмегімен; белгісіз нәрсені, жұртқа мәлім белгілі нәрселерге салыстыру арқылы көзге елестету орындалады. Қазақ тіліндегі теңеулердің көпшілігі-ақ осы жұрнақтар(дай-дей, тай-тей, ша-ше) арқылы жасалады:

«Көзі жарық жұлдыздай
Мойыны қыл қобыздай
Құйрығы бар қамшыдай
Шудасы бар жамшыдай...»
«Қазша қанатын жаяды,
Үйрекше мойнын созады,
Құсша қонады...»

3) **Шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен)** көмегімен теңеулік образда жасайтын тәсіл. Мәселен, ауызекі тілде қазақтар *қойдан жуас, иттің етінен жек көру, бетегеден биік, жусаннан аласа, сүттен ақ, судан таза* деген тәріздес сөз тіркестерін мейлінше мол қолданады. Бұл тәсілдің көмегімен сапалық ұғымдар бір-бірімен салыстырылып, сол салыстырудың нәтижесінде теңеулік образ жасалады. *Белі нәзік талып тұр, Тартқан сымнан жіңішке, Үзіліп кетпей неғып тұр!?* (Батырлар жыры), *Қызығы бұл дүниенің балдан тәтті, Көңілге бек сақтаған қанағатты* (Майлықожа).

4) **Секілді, сияқты, тәрізді, іспетті** сөздерінің көмегімен;

«Ұяты жоқ жігіт
Жүгенсіз ат секілді.
Ұяты жоқ әйел
Тұзсыз ас секілді...»

5) **Бейне** сөзінің көмегімен теңеулер аналитикалық тәсіл арқылы жасалынады.

Толқын бейне арыстан
Ашуынан айрылар.
Көк ала жалын қолға орап,
Тартсам менен қаймығар [3].

6) **Тең** сөзінің көмегімен;

7) **Ұқсас** сөзінің көмегімен;

Қазақ тілінде бұл аталған тәсілдерден басқа да теңеу тудыратын тәсілдер бар. Соның бірі – ұқсас (ұқсайды, ұқсап, ұқсаған) сөзінің теңеулік қызметі. Бұл тәсіл – теңеу тудыратын ең пәрменді тәсілдердің бірі. Ұқсас (ұқсап, ұқсаған, ұқсайды) сөзінің көмегімен жасалатын теңеулік конструкция – қазақ тілінің ертеден бері келе жатқан етене. өнімді тәсілі. Бірақ осы күнге шейін бұл тәсілдің теңеу категориясына қатысты қарастырылмауы – таңғаларлық жайт.

8) **Параллелизм тәсілі** көмегімен; Мұнда екі нәрсе қатар алынады да, олар бір-бірімен салыстырылады. Теңеудің *параллелизмдік тәсілінің* классикалық үлгілері, әсіресе, ауыз әдебиетінде кеңінен тараған. Соның бірі «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің монологы:

Бұқар барсаң, қолаң бар, Қолаңды көр де, шашым көр. Зергер барсаң қасында, Алтыннан соққан түйме бар, Түйме көр де, басым көр.

9) **Аралас тәсілдің (бейне және -дай, -дей; бейне және секілді)** көмегімен;

Мұнда жоғарыдағы тәсілдердің екеуі не үшеуі бірігіп келіп, теңеулік образ жасайды. Бұл жағдайда теңеудің мағынасы күшейіп, образы мейлінше айқындала түседі. Мысалы:

1) *Қыздар жүр, дүр төгілген қолаң шашы, Бейне піл тұмсығындай білеуленген* (Д. Әбілов).

2) *Дәл бейне ерте шыққан бүлдіргенше, Суық соғып бүрісер, дәмі енгенше.* (Айтыс).

10) Қосалқы тәсілдер көмегімен

Тілімізде теңеу жасаудың бұлардан басқа да өнімсіз амалдары бар. Мысалы:

а) *Шырығып шыдамы жоқ тұр ханыша, У жеген бұрыл бәрі турымданып* (І. Жансүгіров).

б) *Аумаған бір маймыл, күшті дейсің зой бір* (С. Мұқанов).

Бұл келтірілген мысалдар түрлі жолмен жасалған: «а» мысалындағы теңеу «порымданып», «б» теңеуі «аумаған» сөзінің көмегімен пайда болған[2].

Қайыңдар күмістің сом бақанындай,

Жиі терек әскердің қатарындай.

Бұтақтар жапырағы сылдыраған

Өзбектің батсайы шапанындай (С. Мұқанов).

Шұғыла шалған кешкі бұлттай,

Толқын шашта оттар ойнап,

Өрт топанын кешіп, Нұхтай

Жалғыз өзі тұрды бойлап:

Тұрды ұқсап, тұрды кейде

От ұстаған Прометейге (Қ. Аманжолов).

Шанышылып Алатаудың үршығындай,

Шабыттың шырқап биік ыршуындай.

Шолып тұр шартарапты Абай шыңы,

Шытырман жақпар-жақпар жыр шыңындай. (Ж. Молдағалиев).

Шілдеде қандай момақан,

Толқының майда мақпалдай.

Бірнеше жұмсақ алақан

Көтеріп бара жатқандай... (Ғ. Қайырбеков).

Жоғарыда төрт ақыннан мысалға алынған төрт шумақ өлендегі теңеулерге қайта оралсақ, бұлардың ішінде қайыңды бақанмен, толқынды мақпалмен салыстырған жай теңеулермен қатар, бүтін бір құбылысты бірнеше сөзбен бір бөлек ұғымға көшіріп тұрған күрделі теңеулер де бар екенін көреміз: Қасым Абдолла ақынның өрт ішінде лаулаған ғаламат кескінін көзге елестету үшін бір ғана зат емес, бүтін бір ұғымды тұтасымен теңеуге айналдырып, Тұрды ұқсап, тұрды ол кейде от ұстаған Прометейге десе, Ғафу да суда жүзген адамның майда толқын құшағындағы қалпын, қалпын емес-ау түйсігін бір сөзге сыйғыза алмай, теңеуін бірнеше сөзбен ұлғайта бере бірнеше жұмсақ алақан көтеріп бара жатқандай деп, тамаша образ жасап тоқтайды. Бұлардың қай-қайсысы да – теңеудің ұлғайған, күрделі түрі [3].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Теңеудің шығу тегі, түрлері жайлы зерттеген ғалымдар еңбектері қаралды. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. Т.Иманбековтың «Үлкен үй»шығармасында қолданылған теңеулер этнолингвистикалық сипаты жағынан талданды.

3,4 Нәтижелер мен талқылау

Жазушы Т.Иманбековтың «Үлкен үй» романында кездесетін **теңеулер:**

1. Дүние түрленіп, ұзатылар **қыздай** жасанған шағы.(Т.Иманбеков “Үлкен үй”1-бет). Бұл сөйлемдегі қыздай сөзі жібектей сызылған, биязы,сыпайы мағынасында жұмсалған. Алайда, сөйлемде ауыспалы мағынада яғни, табиғаттың әсемделіп, гүлденген шағы деген сөздің орнына жұмсалып тұр.

2. Асфальт **айнадай** боп көрінеді. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”14-бет). Бұл жердегі айнадай сөзі күнделікті тұрмыста қолданатын зат мағынасында қолданылған. Алайда, сөйлемде ауыспалы мағынасында таза, жылтырап тұр дегенді білдіреді.

3. Ал анау **оймақтай** үйде осындағы басшылардың біразы тұрады. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”18-бет). Қазақ халқы қашанда еңбекқор халық. Жалпы, оймақ деген сөз тігінші құралдарының бірі, саусаққа киетін құрал екені түсінікті. Алайда, сөйлем ішінде ол сөз ауыспалы мағынада кішкентай, титтей, құрттай мағынасында жұмсалып тұр.

4. Кеудесі **шайдай** ашылғандай. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”32-бет). Жалпы, қазақ халқы шай ішкенді жақсы көретін халық қой. Мұндағы шай сөзі сусын мағынасында түсінікті білдіретіні барлығымызға аян. Алайда, контекстегі мағынасы “жарқырап” деген сөздің мағынасында қолданылып тұр.

5. Бірте-бірте тұтасқан шаң керме **бұлттай** мұнарланып құлан үйірін көрсетпей жібереді екен. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”63-бет). Бұл жердегі бұлт сөзі табиғат құбылысы екені түсінікті. Алайда, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада көңілсіздікті білдіріп тұр.

6. **Толқындай** тулап, **өртше** лапылдап келе жатқан аламан қуғынға шалдырмай әлек етті. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”65-бет). Бұл жердегі толқын, өрт табиғат құбылыстары екені түсінікті. Бірақ, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада қатты, жылдам сөзінің орнына жұмсалып тұр.

7. **Томардай** басымен жердің шаның бұрқырата соққылап, бейшара кісінеп көп жатыпты. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”66-бет). Бұл сөйлемдегі томардай сөзі дәу, үлкен, дөңбектей мағынасын білдіретіні түсінікті. Сөйлемде де сол мағынада жұмсалып тұр.

8. Қора ішінде бүйірі бүрісіп қалтырап тұрады да **мұрттай** ұшады. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”73-бет). Бұл сөйлемде мұрттай теңеуі қалпақтай ұшты деген мағынаны білдіріп тұр.

9. Бала көзін жыпылықтатып, **күлшедей** бұртиған қолымен бетін сипалақтайды. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”82-бет). Бұл жердегі күлше сөзі астықтың, нанның бір түрі екені түсінікті. Алайда, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада яғни, томпиған сөзінің мағынасында жұмсалып тұр.

10. Керім мен тағы бір жігіт **тайдай** самаурынды көтеріп кіргізді. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”83-бет). Бұл жердегі тай сөзі жалпы төрт түлік атау екені түсінікті. Алайда, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада яғни, ірі, үлкен мағынасында жұмсалып тұр.

11. **Көзінің қарашығындай** жалғыз баласын бізге қиып беріп еді. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”84-бет). Аталған сөйлемде көзінің қарашығындай теңеуі адамның жар дегенде жалғыз баласы мағынасында қолданылып тұр.

12. Жастар қалжыңдасып жатыр ма, әлде ұрысып қалды ма екен деген күдікпен қақпадан кіре бергенімде бір машина **құйындай** жүйткіп келеді екен. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”89-бет). Бұл жердегі құйын сөзі табиғат құбылысы екені түсінікті. Алайда, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада жылдам, тез сөзінің мағынасында жұмсалып тұр.

13. Таңауы қабысынқы, **қылыштай** қыр мұрын қос қастың сүйеуішіндей бедерсіз тегіс екен. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”11-бет). Бұл жердегі қылыш сөзі қару-жарақтың бір түрі екенін білеміз. Ал, осы сөйлем ішінде өткір сөзінің мағынасында жұмсалып тұр.

14. Ержан түс көрген. **Мидай** жазық дала екен дейді. (Т.Иманбеков “Үлкен үй”126-бет). Аталған сөйлемдегі мидай теңеуі кең, жазық мағынасында жұмсалып тұр.

5 Қорытынды

Қорыта келгенде, теңеу дегеніміз—белгісіз нәрсені жұртқа мәлім нәрсемен салыстыра айтатын көркемдік ұғым. Соның ішінде этнолингвистикалық теңеулер ұлтымыздың сан ғасырлы тарихынан сыр шертетін, оны қазіргі заманғы нәрселермен салыстыра көрсететін бейнелі ұғымдар. Олар арқылы ұлттық мәдениетіміздің байлығы, сөздік қорымыздың молдығы көрініс табады. Аталған мақала Тұтқабай Иманбековтың «Үлкен үй» романындағы этнолингвистикалық теңеулерді анықтауға арналған. Жалпы алғанда, Тұтқабай Иманбеков өз

шығармасында ұлттық теңеулерді ерекше мағыналы түрде қолдана білген. Жалпы, шығармадан 32 теңеу терілді. Соның ішіндегі 14 теңеуге талдау жасалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қоңыров Т.Қазақ теңеулері – Алматы: Мектеп, 1978. – 193 б.
2. Қабдолов З.Оқулық және оқулыққа қосымшалар. – Алматы”Санат”, 2003. – 528 б.
3. Ахметов З.Өлең сөздің теориясы. “Мектеп” баспасы – 1973. – 180 б.
4. Иманбеков Т.Үлкен үй:роман. – Алматы “Жазушы”, 1979. – 286 б.

Материал редакцияға түсті: 23.11.2021

КАНАПИНА, С.Г., КУАНЫШБАЕВА, Г.Ш.

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР РАВЕНСТВА В ПРОИЗВЕДЕНИИ ТУТКАБАЯ ИМАНБЕКОВА «БОЛЬШОЙ ДОМ»

Сравнения в языке это художественная сила символа в человеческом сознании и жизни в современном национальном литературном языке. Данная статья посвящена исследованию этнолингвистического использования сравнений в романе Туткабая Иманбекова "Улкен уй".

Ключевые слова: *сравнения, этнолингвистика, словарь, значение, явление.*

KANAPINA, S. G., KUANYSHBAYEVA, G.

ETHNOLINGUISTIC CHARACTER OF THE EQUATION IN THE WORK «BIG HOUSE» BY TUTKABAY IMANBEKOV

Comparisons in language are the artistic power of a symbol in human consciousness and life in the modern national literary language. This article is devoted to the study of the ethnolinguistic use of comparisons in Tutkabai Imanbekov's novel "Ulken uy".

Key words: *comparisons, ethnolinguistics, dictionary, meaning, phenomenon.*

ӘОЖ 8.1751

Ерманова, С.Б.,

*тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,
Қостанай, Қазақстан*

ҚАЗАҚҚА ҚАСИЕТТІ «ҚАРА» СӨЗІНІҢ ҚҮДІРЕТІ

Түйін

Бұл мақалада қазаққа қасиетті «қара» сөзінің қадір қасиеттінің мән –мағынасы кең көлемде қолдану жағы ашылып көрсетілген. “Қара” түр-түс атауларының қолданысына қарай білдіретін мағынасы да өзгеріп отыратындығы анық байқалады. Бұл біздің таза да терең, кең тіліміздің өсіп, өнгендігін, түрленгендігін, сөздік қорымыздың байи түскендігін, толығы үстінде екендігін көрсетеді.

Кілт сөздер: *«Қара қазақ» «Қара өлең» «Қара домбыра» «Қара бала» «Қара қазан» «Қара шаңырақ».*

1 Кіріспе

Қазақ үшін ежелгі заманнан бері қадірлі, қасиетті болып саналатын ұғымдар бар. Қарға тамырлы қазақ халқы «қара» түсті берекенің, қарапайымдылықтың, ізгі ниеттің түсі деп бағалайды. Қаннан келген қарапайымдылық,тектілік осы бір «Қара» сөзінің айналасына шоғырланғандай. «Қара қазақ» деген сөз ұлтымызға етене таныс сөз екені белгілі.Түр сипатымыз әр түрлі босада «Қара қазақтың ұрпағымыз ғой» деп, қара көзіміз бен, қара

сөзіміз бен мақтанамыз. «Тамырын терең жайған текті елміз» деп шаттанамыз. Әр нәрсенің екі жағы болатыны сияқты «қара» сөзінің де екі қолданысы бар. «Қара ниет» деген сияқты сөздер сөздік қолданысымызда кездесетіні белгілі. Осыған қарамастан осы бір түс біздің ұлтта көбінесе қарапайымдылықты, адалдықты, сенімділікті, қасиеттілікті бейнелейді. [11;5]. Қара түс халықтың ауыз және жазба әдебиетінде кездеседі. Мысалға, қара деп халықты айтса, қарақұрым деп жиналған қауымды айтады. Қара сөзін адамның есімі қылып жалғайды, мысалға Қарабай, Қарабатыр, Қарағұл т.б.

2 Материалдар мен әдістер

«Қара қазақ» «Қара өлең» «Қара домбыра» «Қара бала» «Қара қазан» «Қара шаңырақ» деген ұғымдар әрбір қазаққа жақын екені сөзсіз. Қара түс көптеген халықтарда жамандықтың, өмірдің қиын сәттерін бейнелейді. Біздің ұлттың санасында қара тек ақ түспен антоним ретінде қолданғанда, түн мен күн қарсы қолданылғанда жамандықтың, зұлымдықтың белгісі болып саналады.

Қазақтың қара өлеңдерінің де

«Басынан **қара таудың** көш келеді

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.

Қарындастан айырылған қиын екен,

Мөлдіреп екі көзге жас келеді.» деп басталуы да бекер емес шамасы.

Енді мына бір сюжетті қара өлеңнің шумағына ой жүгіртейікші:

«Басында **Қара таудың** қар борайды,

Басына керім жігіт сәлде орайды.

Сәлдесін бір ораған қайта орайды, [3;7].

Басына сол шіркіннің кім қарайды?!» Мұнда да қазаққа қасиетті қара тау бір тұрақты ата қоныстың бейнесі ретінде қолданылған. «Асқақ,» «Биік» деген ұғымдарды осы Қара таумен байланыстырып, «Қара таудай бол » немесе «Қара таудай қадірлі бол халқыңа» деп бата беріп жатады қазыналы қарттарымыз.

Осы «Қара» сөзі қазақтың ұлттық аспабы домбырамен де қатар айтылады. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөз бекер айтылмаған. Ұлтымыздың болмыс бітімі осы бір қара ағаштан жасалған аспаптың ішінде жатқандай.

«Бабамыздың көзінде **қара домбыра,**

Данамыздың сөзінде **дара домбыра.**

Асқақтатып рухымды ағыл, домбыра

Әр қазақтың төрінен, табыл, домбыра» деген секілді ән мәтіндерінде осы «Қара домбыра» тіркесі жиі көрініс табады.

Исраил Сапарбай ақынның [25;13].

«Қазақтың қара баласы» өлеңінде:

«**Қазақтың қара** баласы,

Біріне бірі қас болмас.

Қазақтың қара баласы

Біріне бірі қас болса,

Күндердің күні туғанда,

Жат болудан жасқанбас», –

деп жырлаған. «Қазақтың қара баласы» деген атты көтеріп жүріу үшін де тектілік, ізеттілік, бір сөзбен айтқанда адамгершілік керек екенін айтады. Осы аттың өзі мойынға ауыр салмақ екенін өлең арқылы жеткізген. Мәселен, қара көмір, қара күйе, қара түтін, қара шаш, сүліктей қара айғыр дегендегі «қаралар» оның негізгі мағыналары болып саналады. Қара сөзінің ауыспалы мағынасы оның номинативтік мағынасына қарағанда әлдеқайда көп. Табиғатта, қоғамда басқа түр-түстер сияқты қара түстің де толып жатқан ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары бар. Бұл тек қазақ тіліне ғана емес, бүкіл түркі дүниесіне ортақ құбылыс. Мысалы, қара тұту, қара жамылу, қара басы, қара жаулық, қара шаңырақ, қара борбай, қара домбыра, қара ниет, қара бет, қара қазан т.б. Қара – сиыр, жылқы, түйе сияқты

ірі мал. Қара – алыстан бұлдырап, қарауытып көрінетін бейне, жанды және жансыз зат тұлғасы. Қара – хан, ақсүйектер, төре тұқымына жатпайтын, жалпы халық, не сол қалықтың өкілі: қарадан шығып хан болған (жай халықтың арасынан шығып хан болған), Қарахан (қара халықтан шығып хан болған хан есімі), қара қазақ (мұнда да түр-түсінің қаралығы емес, «қарапайым қазақ» мағынасында айтылып тұр), қара халық, қара тобыр, қара шаруа (жұмыспен ғана шұғылданып, мал бағып күн көретін шаруа адамы), қара тобыр, қара жұрт, қара бұқара (бұлар да мағыналас сөздер). Қара – майсыз, дәмсіз, қатықсыз, сүтсіз дайындалған ас (ет, көже, сорпа, нан, шай, т.б.): қара сорпа (майсыз сорпа), қара көже (құрт, айран т.б. қатық қатпаған көже), Қайғысы жоқ адамға қара көже балмен тең; қара ет (майсыз, көк, жасық ет); қара нан (қара түсті, бірақ майға пісірмеген нанның түрі), қара шай (сүт, қаймақ қатып ағартпаған шай), қара су (қайнатқан, не қайнатпаған ауыз суы). Түндіктен төгіп тұр нұрын, Жұлдызбен миллион таласа ай, Шайнектен сары қыр мұрын Құйылып жатыр қара шай. Қара – 1) өлім-жітім, қайғы-қасірет, ылаң. Мәселен: не қара көрінді?, – дегенде «не ба-сыңа күн туды, қандай қасіретке душар болдың?» мағынасын аңғарамыз. Отан соғысы жылдарында пайда болған қара қағаз тіркесі «өлім-жітім, қаза жайындағы хабар» деген мағына бергені елдің бәріне аян, немесе: қара уайымға салыну – қатты қайғыру, қасіреттену; 2) өлім-жітімге, қайғылы қазаға байланысты жамылатын, киінетін, тұтынатын азалы киім, зат: қара жамылу – аза тұту, қайғылы күйді бастан кешіру мағынасын білдіреді. [12; 8]. «Қазақтың ежелгі салтында өлген ердің бір жыл бойы найзасы босағада қадаулы тұрады. Аты жал-құйрығы күйзеліп жылқыға жіберіледі, жұбайы шашын тарқатып, басына қара жамылып, күніне үш мезгіл жоқтау айтады. Марқұмның жылы болған соң атын сойып, найзасын сын-дырып, асын береді. Әйелінің басындағы қара жамылғы алынады» [2; 1]. Бір кезде қанды со-ғыстан, Қаралы болған Түркістан. Садақтан самсап оқ ұшқан, Жаралы болған Түркістан. «Қара» түр-түс атауының қасиетті, киелі деген мәнді білдіретін символдық мағыналары да бар. Бұл тіліміздегі қара шаңырақ, қара домбыра, қара қазан сияқты тіркестерден байқалады. Этнограф С.Кенжеахметұлы қара қазанның символикалық белгісі жайлы былай дейді: «Қа-занның басқа ыдыстарға қарағанда қазақ өмірі мен мәдениетінде алатын орны мүлде жоғары. Өйткені ол – күнделікті тіршілік құралы. Қазақ дастарханына түсетін тағамдардың барлығы да, ең алдымен, осы қазаннан өтеді. Халық жай ғана «қазан» демей, оны «қара қазан» деп қастерлеп айтады. Бұл жерде қара сөзі қасиетті, киелі, берекелі деген ұғымды білдіреді. «Жеті жарғыда» өлім жазасына бұйырылған адам жеті айып төлеп құтылса, оның біріншісі – «қара қазан төлеуі» деп аталады [10; 10]. Сонымен қатар «қара шаңырақ» тіркесі де үлкен, қасиетті, киелі, қадірлі ұғымын білдіреді. Қара шаңырақ – ел қадірлейтін әкенің, атаның, не бабаның отырған немесе дәстүр бойынша кенжесінің еншісіне тиген үлкен үйі. Өтті анам – үш баламның пайғамбары, Үш сәби жүрегінің сайран бағы. Жыр қылып жатты біздің қара шаңырақ, Менің сор маңдайымның тайған бағын... Қара – қою, қалың, тығыз: қара орман – қалың орман, жыңғыл. Қара – ауыр, зілбатпан: қара уайым (еңсені басқан қайғы-қасірет), кө-ңілім қара қазандай болды (көңілім қатты қалды, сауықпастай ауыр таңба салды). Қара – қатыгез, қаныпезер, ұятсыз, пиғылы жаман. Қара – жердің беті, қабаттары, топырағына қа-тысты ұғымдар. Мәселен, қара жол – ауыл арасын қосатын, жер бетіндегі шыңдалған жол; қара су – ойпаттау, саздау, тегіс жердің астынан шығып ағатын су. Қара – күшті, екпінді, те-геурінді; қара дауыл – жер бетіндегі заттарды қиратып, бұзып кететін, қатты соғатын дауыл; қара күш – тепсе тебінгі үзетін адамның, күшті хайуанның т.б. заттардың зор күші. Қара – көңілсіз, сүреңсіз, тұңғиық терең, қалғып-мүлгіген, бейғам. [7; 10]. «Түн» деген ұғым қараң-ғылықты білдірсе де, қазақтар қараңғы түнде немесе жеті қараңғы түнде деп плеоназм ретін-де қолдана береді. Сонда осындағы қара сөзінің мағынасы дәл «қараның» өзі емес, көзге түртсе көргісіз, қараңғылықты, тірі жанның бәрі ұйқыға кетіп, қалғып-мүлгіген бейғам мез-гілді аңғартатын сияқты. Қара іңір – кеш батып, ымырт жабылған, елдің қарасы көрінгені-мен, бірақ кім екенін тануға болмайтын сүреңсіз, көңілсіз уақыт, қара кеш. Қара түнде қара орман адастырды, Қарсы алдымнан жол көміп қар асқынды. Қорыта келгенде, түс атаулары-ның тіліміздегі мәні халықтың тұрмыс тіршілігінің, дүниетанымының кеңдігінің нәтижесі деп

түйсінгеніміз жөн. Бұл ұғымдағы түр-түс атаулары ақынның тілінде адам психологиясын, дүниені танудағы өзіндік көзқарасын, таным-талғамының биіктігін көрсетуде жиі қолданылады.

3 Нәтижелер мен талқылау

Махамбетте «Қара бала, қара қазан қамы үшін» соғысқанын жырласа, бүгінгінің ақыны Қалқаман Сарин «Қарауыл. Қара өлең» [10; 12].

Қара торы жігіт боп қалғанымды көрсем деп,
Қарай-қарай жолыма қайран анам кемсендеп,
Қараңғыда аптығып шыға келсе алдымнан,
Қара таудай қасқайып тұрар ма екем мен сергек.
шығармасында бұған дейін көп жырланған

Қарауылға қайта соғады. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің ата жұрты Қарауылдың барша жақсылық мекені болғаны аңғарылады. «Қара» сөзінен дыбыстық анафора жасай отырып, «к» сөзіне акцент қояды. Ақын қазақтың әдеттегі қара – түр мен түсті білдіретін сөзін алмайды. Ұлттық реңктегі «қара» сөзіне мән береді. Ақын айтатын: қара өлең, Қара Ертіс, қара бала, Қараой Қарасаз, қара нар, қара жол, қара тау, қара қой, қара қазан, қара су, қара жаяу, қара қыз, қара көзді келіншек, қара күбі, қара шаңырақ сияқты «қара» сөзі – қасиет, қадір, құрметтілікті білдіретін мағынаға қарама-қарсы «қараның» қиындық пен жамандықты беретін мағыналарын қарсы қояды: қара түн, қаракұрым халық, қара суық, қара күйе, қара ниет сәтті қолданған.

«**Қара өлеңнің** мекені – Қарауылға келемін,
Қара өлеңнің қамы еді, қарап жүрмей жегенім.
Қарағанның ішіне көп тығылып ойнайтын,
Қара өлеңге құмартқан **қара бала** мен едім.

Қара Ертісті жағалай толқып келе жатырмын,
Қара басып қалардай, қорқып келе жатырмын.
Қараой менен Қарасаз, Қарауылдың мұңы бір,
Қара нарға мұңымды артып келе жатырмын.

Қараөткелдің бойынан Қарауылға бұрылып,
Қара жолдың үстінде қуып келем бір үміт.
Қараша үйдің есігін көп кешікпей ашармын,
Қара жорғам астымда кетпесе егер сүрініп.» [8; 25].

деп бір қайырады. «Қара нардай» деген ұғымды ұлтымызда, ауыр жүкті арқалай алатын, жұртының жүгін көтере алатын адамға айтады. Қазақтың қара өлеңінде «Қара нар жүк көтермес әл кеткен соң» деген тіркестер кездеседі. «Қара жорға» тіркесі ұлттық болмысымызға күйге айналып сіңіп кеткен. Қазіргі қоғамда Қазақ ұлттық би түрінің бірі ретінде қабылданатын ұғым екені белгілі. Жылқыда қалқымыз жорға мен жүйрікті ерекше бағалайды. Ағып тұрған ақындарға «Жорғадай көсілді» «Жүйріктей жүйткіді» деген тіркестер қолданылады. Бұл өлеңде тура мағынасында қолданылып тұр.

«Қара торы жігіт боп қалғанымды көрсем деп,
Қарай-қарай жолыма қайран анам кемсендеп,
Қараңғыда аптығып шыға келсе алдымнан,
Қара таудай қасқайып тұрар ма екем мен сергек.

Қара ұлына байлаған бағыланды сойдырып,
Қарапайым қызықты қайран әкем той қылып...
Қара қойдың сорпасы бұрқ-сарқ етіп қайнаған,
Қара қазан жататын бәрімізді тойдырып.

Қара нанға сары май жағып алып жейтұғын,
Қара суға қанағат, қарын тойды дейтұғын.

Қара жаяу, қайғысыз көше бойлап жүгірген,
Қарадүрсін кешегі сағындырды-ау кей күнім.

Қара сиыр сүтімен қою шайды ішетін,
Қара кемпір сөйтіп ап қара терге түсетін.
Қараң қалғыр! – деп қойып қарайғанға ұрысып,
Қара күбі қымызды қайта-қайта пісетін.

Қара қыздар кешегі – қара көзді келіншек,
Қара шашын тарайтын қапияда көрінсек.
Қара түнде ақсүйек ойнамайды енді олар,
Қара барқыт кеште де шыққысы жоқ, еріншек.

Ауылдың қасиеті мен қадірін халықтың жай-күйін суреттей келе ақын өлеңді былай аяқтайды:

« Қарақұрым халықтың халі бөлек бүгінде,
Қара жаңбыр жауып тұр қар аралас іңірде.
Қара суық күз келіп қалтырайды қу тірлік,
Қара торғай секілді қара ағаштың түбінде.
Қарауылда қалды эне, қара шалым, тектім-ау,
Қара шалдан қалғаны – қара шаңырақ тек мынау.
Қара күйе жағылып арыңа аппақ ауылым,
Қара ниет қоғамның құрбаны боп кеттің-ау...»

Қарапайым сол тірлікті аңсайды. Атта қалды-ау деп армандайды. Қара қиды салып, қара пешке қара қазан қойып, қара қойдың етін пісіріп, қара сиырдың сүтін қосып шай ішкен қара кемпір мен қара шалды, қара домалақ қара ниеттен ада жандарды аңсайды. Қара ниет қауымның, заманның құрбаны болып, заманның өрлеуіне байланысты бәрі өзгеріп жатқанын ашына айтады.

4 Қортынды

Осылайша «Қара» сөзі құбылып, түр-түсін өзгертіп сан түрлі жолдар мен қолданыла береді. Ең бастысы ұлттымыздың қасиеті не саналған осы сөз өз биігінде қала бермек. Я, заман өзгереді. Өмір керуені тоқтамайды. Бірақ қазақ үшін қасиетті түс ұрпақтар сабақтастығының арқасынды мәңгі қалады деген сенімдеміз. Қарға тамырлы қазақтың қарапайым болса да ұлы сөз өрнектері, ой өрнектері мәңгі осы елмен бірге жасасады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (XV–XVIII ғ.) – А., 1992 ж.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. А., 1993 ж.
3. Мағауин М. Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер, – А 1991 ж. – 7 бет.
4. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Деректі толғам. – А., 1995 ж.
5. Сүйіншалиев Х. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – А., 1961 ж.
6. Бес ғасыр жырлайды 1 том. А., 1993 ж.
7. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық. Алматы, 1986.
8. Дала даналары. Құрастырғандар: Е. Әбен, т.б. Алматы, 2001. – 25 бет.
9. АхметжановаФ., Р.Қайырбаева. Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. Алматы, 2001. – 131 б.
10. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы, 1997.
11. Кенжеахметов С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: «Ана тілі» 2012.
12. Қалқаман Сарин Қалқаман Сарин «Қарауыл. Қара өлең» 2014.
13. Исраил Сапарбай Жүрегіме ұя салған қарлығаш. Өлеңдер. А., «Жалын», 1986.

Материал редакцияға түсті: 29.12.2021

ЕРМАНОВА, С.Б.

СИЛА СВЯЩЕННОГО КАЗАХСКОГО СЛОВА «ЧЕРНАЯ»

В этой статье раскрыта широкая сторона значения достоинства священного для казахов слова «Черная» Очевидно, что значение названия «черный» меняется в зависимости от употребления, оно показывает, что наш чистый и глубокий, широкий язык вырос и развивается, пополняется, обогащается словарный запас

Ключевые слова: «Черный казах» «Черная поэма» «Черная домбра» «Черный мальчик» «Черный казан» «Черный шаньрак».

ERMANOVA, S.B.

THE POWER OF THE SACRED KAZAKH WORD «BLACK»

This article reveals the broad side of the meaning of the dignity of the sacred word for Kazakhs "Black" Obviously, the meaning of the name "black" varies depending on the use, it shows that our pure and deep, wide language has grown and developed, replenished, enriched vocabulary.

Key words: "Black Kazakh" "Black poem" "Black dombra" "Black child" "Black cauldron" "Black shanyrak".

ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕТОДИКА И ТЕХНОЛОГИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИН

ӘОЖ 81.132

Шолпанбаева, Г.А.,

*педагогика ғылымдарының магистрі,
тілдерді даярлау орталығының аға оқытушысы
А.Байтұрсынов ат. ҚӨУ*

Сатбаева, А.Т.,

*КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-сарапшы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
Федоров ауданы білім бөлімінің
Ленин жалпы білім беретін мектебі
Қостанай, Қазақстан*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН БАСҚАРУ

Түйін

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайына негізделген білім беру үдерісін басқару үлгісінің қажеттілігі. «Инновациялық білім беру үдерісін басқарудың педагогикалық шарттары» атты эксперименттік тәжірибе жұмысы М.Әуезов атындағы тірек мектептің білім беру жүйесінің инновациялық әлеуетін арттыруға, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған. Эксперименттік тәжірибе жұмысының мазмұны «Қазақстан-2050» – Мәңгілік Ел стратегиясының басты мақсатына қол жеткізудің іргетасы болып табылатын мемлекеттік басымдықтар мен жалпыұлттық құндылықтар ескеріле отырып құрылған, бағдарлама «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі алты бағыттарына негізделген.

М.Әуезов атындағы тірек мектептің білім беру жүйесінің инновациялық әлеуетін жетілдіру, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған бағдарлама жобасын ұсыну.

***Кілт сөздер:** Жаңартылған білім беру мазмұны, білім беру жүйесін басқару, оқу-тәрбие жұмысы, инновация, ұлттық құндылықтар.*

1 Кіріспе

М.Әуезов атындағы тірек мектеп немесе ресурстық орталыққа Ы.Алтынсарин атындағы, Малдыбай, Октябрь Шаруа магниттік мектептер бекітілген. Тірек мектептің эксперименттік тәжірибе жұмысы «Инновациялық білім беру үдерісін басқарудың педагогикалық шарттары» деп аталады.

«Инновациялық білім беру үдерісін басқарудың педагогикалық шарттары» атты эксперименттік тәжірибе жұмысы М.Әуезов атындағы тірек мектептің білім беру жүйесінің инновациялық әлеуетін арттыруға, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған. Эксперименттік тәжірибе жұмысының мазмұны «Қазақстан-2050» – Мәңгілік Ел стратегиясының [1] басты мақсатына қол жеткізудің іргетасы болып табылатын мемлекеттік басымдықтар мен жалпыұлттық құндылықтар ескеріле отырып құрылған, бағдарлама «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі алты бағыттарына негізделген [2].

Инновациялық білім беру үдерісін басқарудың бағыттарын мазмұнына қарай білім беру жүйесін басқару, оқу-тәрбие жұмысы, әдістемелік жұмыс, оқушылардың ғылыми-тәжірибелік жұмысы, оқушылардың өзін-өзі басқару кеңесі, қамқоршылық кеңес, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы аясында 7 нақты қадам деп бөліп қарастырдық.

2 Материалдар мен әдістер

Мектептің білім беру үдерісін инновациялық басқарудың үздік отандық және халықаралық тәжірибесін интеграциялауды жүзеге асырып жүрген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім беру үдерісіндегі инновацияларын енгіздік. Тәжірибелік экспериментті іске асыруға деңгейлік қағидаттары оқып шыққан сертификатталған педагог кадрлар көмектесті. Олар коучинг пен менторинг үдерісі арқылы оқытудың тәжірибесін өзгертуге, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, өзін-өзі ынталандыру, өзін-өзі реттеу, оқи білу дағдыларын белсенді әрі табысты қолдануды қалыптастыруға ықпал ететін қажетті білім ортасын құруға мүмкіндік береді. Эксперименттік тәжірибе жұмысына рефлексиялық есептің, сондай-ақ коучинг және тәлімгерліктің маңызы зор.

Тәжірибе жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуші ретінде критерийлер ұсынылды, олар білім беру жүйесін басқаруға, қандай да бір құндылықтарға және құбылыстарға мамандардың қарым-қатынастары арқылы байқалады.

Бірінші бағыт – білім беру жүйесін басқару.

Мақсаты: Инновациялық білім беру үдерісін басқару арқылы мектепшілік басқарудың сапасын арттыру. Оқушыға сапалы білім беру үшін ұжымның әрбір мүшесін ортақ мақсатқа жұмылдыру, жетістікке жетелеу, ұжымды басқарудың нысанын ұйымдастыру, қадағалау, реттеу, алынған ақпарат негізінде талдау, нәтиженің қорытындысын шығару, ортақ іске жұмылдыру үшін адамдарға ықпал ету.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): сапалы білім беру үшін ортақ мақсатқа жұмылдыру идеологиясы; инновациялық білім беру үдерісін басқарудың технологиясын тиімді қолдануы; ұжымның мүшелерін жетістікке жетелеу; білім беру үдерістерін басқаруды диагностикалау, жоспарлау, ұйымдастыру мен талдау.

Іске асыру механизмдері: білім беру үдерісін басқару, зерттеу, көшбасшылық, коучинг пен менторинг. Семинарлар, тренингтер, дебат және пікірталас клубтары арқылы жүзеге асырылады.

Екінші бағыт – оқу-тәрбие жұмысы.

Бұл бағыттың мақсаты: «Мәңгілік елдің ұрпағы» идеологиясы аясында мектептің оқу-тәрбие жұмысында инновациялық білім беру үдерісін қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалануы; сапалы білім беру жетістіктері; мұғалімнің жеке шығармашылық әрекетке жетудегі ізденімпаздығы, кәсіби шеберлігі, құзырлылығы, мектеп тәжірибесіне жаңалық әкелуі, креативтілігі; ақпараттық қызмет пен байланыс жасаудағы этикалық нормаларға ұмтылуы және қызығушылығын білдіруі.

Іске асыру механизмдері: Оқытудың тәрбиелік әлеуетін күшейтуде оқу пәндері мазмұнына ұлттық құндылықтарды кіріктіру; Семинарлар, тренингтер, көшбасшылық, тәлімгерлік, коучинг, Lesson Study; қосымша білім беру мүмкіндіктерін кеңейту; педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институты және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Үшінші бағыт – әдістемелік жұмыс.

Бұл бағыттың мақсаты: Мектеп мұғалімдерінің инновациялық білім беру үдерісінде шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау үшін кеңістік қалыптастыру, кәсіби бағыт берушілік, мұғалімнің педагогикалық технологияны пайдалану біліктілігін жетілдіруді қамтамасыз ететін жағдайлардың жиынтығы.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): инновациялық білім беру үдерісін басқарудың технологиясын білуі; мұғалімнің танымдық қажеттілігі мен қызығушылығының артуы; мұғалімнің шығармашылық көзқарасы мен зерттеушілік қабілеттерінің дамуы; шығармашылықпен ойлайтын, іс-әрекетті жоспарлап орындауда өздігінен қорытынды жасайтын жаңа нәтижені дәлелдей білетін маман қалыптасуы; мұғалімдердің кәсіби дамуын жоспарлауы; мұғалімнің педагогикалық кәсіби іс-әрекетіне деген сенімділігі, шығармашылық шеберлігі;

Іске асыру механизмдері: Сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, сабақтан тыс іс-

әрекеттер, көшбасшылық, тәлімгерлік, коучинг, Lesson Study; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер, саяхаттар ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Төртінші бағыт – оқушылардың ғылыми-тәжірибелік жұмысы.

Бұл бағыттың мақсаты: Білім беру үдерісінің жаңа, жеке-маңызды білім алу негізінде оқушылардың тұлғалық ұстанымдарын жандандыру, ақпаратпен жұмыс жасауда функционалды дағдыларын, ақпараттық өзара әрекеттесуде этикалық нормалары мен құндылықты мақсаттарын қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): жобалай алу-зерттеушілік жұмысы; ақпарат көздерімен өзіндік жұмыс, қажетті ақпаратты іздей алу, оның құндылығы туралы пікір айта алу, салыстырмалы сипаттама бере алу; практикалық және зерттеушілік жұмыстарды орындау; хабарлама және баяндамалар жасау, жүргізу алу біліктері.

Іске асыру механизмдері: Сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, сабақтан тыс қызмет, рефераттар, ғылыми-зерттеу, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, мәлімдемелер, мектептік және медиа-орталықтар, БАҚ, сайттар, кітапханалар арқылы жүзеге асырылады.

Бесінші бағыт – оқушылардың өзі-өзі басқару кеңесі.

Бұл бағыттың мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. Оқушылардың өзін-өзі басқару өздігімен бастама білдіру, шешім қабылдау және оларды оқушылар ұжымының мүддесіне іске асыру мүмкіншілігін білдіреді.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне; сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне; зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға қызығушылық, ықылас және талпыныс танытуы.

Іске асыру механизмдері: Сабақтар, оқу пәндері, элективті курстар, үйірмелер және қызығушылығы бойынша сабақтар, мектептік және желілік дебат турнирлері, оқушылардың бірлескен жобалық жұмыстары. Зияткерлік ойындар, байқаулар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-техникалық конференциялар. Дарынды мамандармен және замандастарымен кездесулер. Психометриялық және социометриялық тестер мен әдістемелер; көшбасшылықты дамыту жөніндегі бағдарламалар және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Алтыншы бағыт – қамқоршылық кеңесі

Бұл бағыттың мақсаты: Қамқоршылық кеңес өзге құрылымдармен қатар білім беруді дамыту үшін жағдайлар туғызады, оның қолжетімдігін, сапасын және еңбек нарығының ағымдағы әрі болашақтағы сұранысына сәйкестігін, балалар мен жастарды қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етуін арттыру.

